

#КүшімізБірлікте

«Бұл күні біз елді өркендететін тату тіршілік пен жарасымды сыйластық жолындағы ниетіміздің тоғысқаны үшін бір-бірімізге алғыс айтамыз. Тәуелсіздік кезеңіндегі табыстарға береке-бірліктің арқасында ғана қол жеткіздік. Бұл – егемен еліміздің баға жетпес байлығы».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕРЕЙ



ӨШПЕЙТІН ҮН,
ӨЛМЕЙТІН ӘН
СЫЙЛАҒАН...

6

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН



ӘМБЕБАП
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҰЙЫМ

10

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.03.2022

Түнде:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

2.03.2022

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №23 (6158) 1 наурыз, сейсенбі, 2022 жыл.

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Бүгін – тату тіршілік пен жарасымды сыйластық күні



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Дүние жүзіндегі бірқатар мемлекеттегі секілді біздің елімізде де Алғыс айту күні бар екенін бүгінде баршамыз жақсы білеміз. Қазақстанда Алғыс айту күні 1 наурызда атап өтіледі. Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне сәйкестендірілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев: «Қазақ жұрты қиын-қыстау кезеңде амалсыз қоныс аударған миллиондаған адамның құтты мекеніне айналды. Олардың өздері де, ұрпақтары да жерімізден пана тауып, өсіп-өніп, Қазақстанның дамуына зор үлес қосты. Бұл күні біз елді өркендететін тату тіршілік пен жарасымды сыйластық жолындағы ниетіміздің тоғысқаны үшін бір-бірімізге алғыс айтамыз», – деп атап өткен болатын.

Иә, тағдыр тоғыстырған жұртшылық бүгінгі өміріне дән риза. Мұның бәрі – бір-бірімізге деген сенім мен сыйластықтың арқасында қол жеткізіп отырған жетістігіміз. Ал біз өзімізбен бірге жасасып келе жатқан оқырмандарымызға Алғыс айтамыз! Сіздер барда, біз бармыз. Мың алғыс саған, оқырман!

ӨТЕМАҚЫ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК

Алматыда зардап
шеккен
кәсіпкерлерге
3 млрд. теңгеден
астам қаржы
төленді.

2022 жылғы 26 ақпандағы ШОБ субъектілеріне мүлктік залалды анықтау жөніндегі аймақтық комиссия отырысында кәсіпкерлердің жалпы сомасы 827,8 млн. теңгеге 135 өтінімі мақұлданды. Оның ішінде 718,1 млн. теңгедегі сомаға 80 өтінім бюджет қаражаты есебінен, 109,7 млн. теңгеге 55 өтінім «Жаңа Алатау» қайырымдылық қорының қаржысынан төленді.

Алматы қаласы бойынша (комиссия жұмысы басталғаннан бері) барлығы 3140,4 млн. теңге сомаға 890 өтінім мақұлданды. Оның ішінде бюджет қаражатынан 459 өтінімге 2275,8 млн. теңге көлемінде, «Жаңа Алатау» қорының қаржысынан 431 өтінімге 864,6 млн. теңге көлемінде көмек берілді.

Алматыда тәртіпсіздік барысында жалпы сомасы 34,3 млрд. теңгеге 1413 ШОБ субъектісі зардап шекті. «ИнфоҚазақстан» электронды платформасына кәсіпкерлерден 2700-ден астам өтінім түсті.



ҚЫСҚА...

- Алматы полициясы ірі есірткі зертханасын жойды.
- Жәутіков олимпиадасының алтын медалін физика-математика бағытындағы зияткерлік мектептің оқушысы, алматылық Таир Сатубалдин үшінші рет ұтты.
- Шаһарда ақша айырбастау пункттері жұмысын уақытша тоқтатты.
- Елдің әуе кеңістігімен өтетін транзиттік ұшақтар саны үш есе артты.
- Алматыда автоХҚО-да жаңа GPS жүйесі бар автодром іске қосылды.
- Қалада 40 мыңға жуық жасөспірім pfizer вакцинасын салдырды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





Алғыс айту күнінің мәні терең, маңызы ерекше. Бұл күні халқымыздың бір-біріне өзара қамқорлығы, мызғымас береке-бірлігі мен ынтымағы кеңінен дәріптеледі. Біз осы құндылықтардың арқасында мемлекеттігімізді жаңғыртып, түрлі сын-қатерден сүрінбей өттік. Бүгінде азаматтарымыз егемен елімізді дамытуға, қастерлі қазақ жеріндегі бейбітшілікті, татулық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосуда. Біз біртұтас және еңбекқор ұлт болсақ, көздеген мақсаттарымызға жетеміз. Бәріміз бірге әділетті қоғам құрып, мемлекеттілігімізді орнықтыра түсеміз деп сенемін.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ФАРМАЦЕВТИКА



Отандық өндіріс үлесі артады



Досбол
АТАЖАН

Қазақстанда фармацевтикалық өнімді таңбалау және қадағалау жүйесі енгізіледі. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында ведомство басшысы Ажар Ғиният хабарлады.

«Ағымдағы жылы импортты алмастыруды арттыру шеңберінде мынадай шаралар көзделген: дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығару бойынша кемінде 5 жаңа өндірісті іске қосу, оның ішінде Big Pharma-ны тарта отырып, отандық фармацевтикалық өнімді халықаралық тану үшін Ұлттық реттеушіні дамыту, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар айналысының барлық процестерін цифрландыру, Дәрілік заттарды таңбалау мен олардың бақылануын енгізу», – деді министр.

Ол жоғарыда аталған шараларды іске асыру нәтижесінде бірыңғай дистрибьютор арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алудың жалпы көлеміндегі отандық өндіріс үлесінің 37%-ға дейін өсуі күтіліп отырғанын атап өтті.

Қазіргі уақытта ҚР-дағы фармацевтика нарығының жалпы көлемі 765,3 млрд. теңгені, оның ішінде отандық тауар өндірушілер 121,1 млрд. теңгені құрайды. Бұл ретте Бірыңғай дистрибьютор арқылы сатып алу көлемі 244,9 млрд. теңгені, отандық тауар өндірушілерден 90,6 млрд. теңгені құрады.

Отандық тауар өндірушілердің саны 88 кәсіпорынды құрайды. Оның ішінде: дәрілік заттарды өндірушілер – 32, медициналық бұйымдар мен техниканы өндірушілер – 56.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне сәйкес Бірыңғай дистрибьютор дәрілердің 91%-ын сатып алды. Бұл дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 1496 позициясы. Қазіргі уақытта Бірыңғай дистрибьютордың қоймаларына 1346 позиция немесе 90% түсті.

Сондай-ақ, 2021 жылы Бірыңғай дистрибьютор жалпы сомасы 33 млрд. теңгеге 459 атау бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың азайтылмайтын қорын сатып алды.

ІЛТИПАТ

Адал қызмет алғысқа бөлейді



Халықтың берген батасынан һәм алғысынан асқан марапат жоқ. Себебі, алғыс айту немесе құлаққа жағымды тілек есту – жаныңа шуақ сыйлап, көңіліңді көтеретін керемет сезім. Бүгін – Алғыс айту күні.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Көктемнің алғашқы күнін алғыс айтудан бастайтын еліміз үшін айтулы мерекенің мәні де, маңызы да зор. Себебі, бұл мереке өскелең ұрпақты достыққа, отансүйгіштікке, өзін сыйлап, өзгені құрметтеуге тәрбиелеуге үндейді. Сонымен қатар, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуды көздейді.

Бұл күні көпшілік бір-біріне барынша жақсы тілек білдіруге тырысады. Әсіресе, Қазақстандағы өзге этнос өкілдері қиын-қыстау кезеңде

құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқына рахмет алғыс айтады. Бұған өзге ұлт өкілдерінің «ұлттық ерекшелігімізді сақтап, өсіп-өнуге мүмкіндік берген, бүгінде біз үшін өз Отанымызға айналған киелі қазақ жеріне, қайырымдылығы мен кеңпейілдігі, қонақжайлығы үшін қазақ халқына алғыс айтамыз» деп ерекше тебіреніспен білдіріп жататын ыстық ықыластары куә. Шынайы ниеттен шығатын ізгі тілектер ел абыройын арттыра түспесе, кемітпейді. Сондықтан болар, бұл күнді көпшілік қазақстандық патриотизмнің, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі деп те атайды.

Әйтсе де, бұл күн тек қана этнос

өкілдерінің алғыс айтуымен шектелмесе керек. Сондықтан бүгінгі күні бейбіт өміріміз үшін алдымен «Аллаға мың алғыс» дей отырып, жанымызда жүрген жақсы адамдар мен жақындарымызға «Сіздің бар болғаныңыз үшін...» деген бір-ақ ауыз сөзбен жылы лебіз білдірудің артықтығы жоқ.

Халық үшін адал қызмет еткен ел азаматтарына да алғыс айтып, құрметке бөлеу де – адамгершілік белгісі. Біз бүгін ел басына күн туған сәтте көзге көрінбейтін қауіпті індетпен күрескен дәрігерлерге ерекше алғыс айтамыз. Олардың ерлігі кешегі қаңтар оқиғасы кезінде де ерекше бағаланды деп білеміз. Құрметке лайық жандарды әр саладан кездестіруге болады.

Бүгінде әлеуметтік желі арқылы әлсізге – демеу, жетімге – жебеу, үлкенге – ізет, кішіге – қамқор болып жүрген азаматтар жетерлік. Қайырымды жандар арқылы жоғын түгендеп, қуанып жатқан халық та баршылық. Солардың арасында бүгінде жастардың үй алуына бағыт сілтеп, бүге-шігесіне дейін түсіндіріп отыратын азаматтар бар. Олардың қаншама отбасыға үй алудың жолын үйретіп, нәтижесінде баспаналы болуға себепші болып жатқанын көріп, қуанып отырамын. Әлбетте, арамызда осындай адал қызметімен, халықтың шынайы ықыласына бөленіп жүрген жандар көп.

Ендеше біз де осы айтулы, атаулы күннің орайын сәтті пайдаланып, ата-анамызға, дос-жаран мен әріптеске алғыс айтайық. Себебі, біреуге алғыс айту, біреуден алғыс алу – кез келген жеке адам үшін де, жалпы қоғам үшін де жақсы әдет.

ТАҒАЙЫНДАУ

Экономика магистрі орынбасар боп келді



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша 2022 жылғы 26 ақпанда Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып Әбдіқадыров Әлішер Елісұлы тағайындалды.

Әлішер Әбдіқадыров 1986 жылы 6 сәуірде Алматы қаласында дүниеге келген. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, экономика магистрі. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2017 ж.).

Еңбек жолын 2009 жылы ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялық қызмет департаменті инвестициялық жобалар басқармасының сарапшысы қызметінен бастап, 2010–2013 жылдары – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің бас сарапшысы, инвестициялық жобалар басқармасының басшысы, Стратегиялық жоспарлау департаменті директорының орынбасары, 2014–2015 жылдары – ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті төрағасының орынбасары сияқты қызметтерді атқарды.

Кейінгі жылдары Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы (2015–2016 ж.ж.), Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы (2016–2019 ж.ж.) болып жұмыс істеді.

Сонымен қатар, 2019 жылы «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспортты дамыту институты» АҚ Басқарма төрағасы, 2020 жылдан 2021 жылға дейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, 2021 жылдан 2022 жылға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі қызметін атқарды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АНАЛАР КЕҢЕСІ



Қара шаңырақ – қастерлі ұғым



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қиын жылдары елімізге келген талай ұлт өкілдері мен ұлыстар үшін де Қазақстан қазір қара шаңыраққа айналып отыр.

Алғыс айту күні – Қазақстан халқын біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын мереке, азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні. Алғыс айту күніне орай Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің отырысы ұйымдастырылды. Іс-шарада әртүрлі этнос өкілдерінің мүшелері сөз сөйлеп, қазақ халқына алғыс білдірді.

Шара соңында Алматы қаласы «Қоғамдық келісім» ұжымы Аналар кеңесінің белсенді мүшелерін Алғыс хаттармен марапаттады.

«Қазақ жеріне менің ата-әжем 1940 жылдары қоныстанған екен. Әкем осы жақта отау құрды. 1948 жылы мен дүниеге келдім. Біз Алматы облысына қарасты Талдыбұлақ ауылында қоныс тептік. Бізді ешкім кемсітіп, мәжбүрлемеді. Керісінше, өздеріндей көріп, қолындағы асымен бөлісті. Еліміз егемендік алып, біразы көшіп жатқан кездері әкем марқұм Қазақстаннан ешқашан кетпейтінін айтты. Өзім Түркияға бірнеше рет іссапармен бардым, барлық қалаларын араладым. Алайда, менің жүрегіме, көңіліме жақыны Қазақстан екенін ұғындым. Әкем «біздің тамырымызда қазақтың қаны қайнап жа-

тыр, біз қиналғанда қасымыздан табылып, демеу болған адамдардың жақсылығын ұмытпаймыз» деп айтты отыратын», – дейді Түркі этномәдениетінің мүшесі Гуният Тұрсынова.

Кең қолтық, үлкен жүректі халқымыз саяси қуғын-сүргінге түсіп, Отанынан босып кеткен сан ұлысты бауырына басты, бағын ашты. Олар қазір Тәуелсіз қазақ елінде ұрпақ өрбітіп отыр.

– Қазақ халқы соғыс, ашаршылық секілді талай азапты күндерді көрді. Соған қарамастан, тілі басқа, діні бөлек, басына қара бұлт үйірілген қаншама этносқа пана бола білді. Қа-

зақ еліне корейлердің де қоныс тепкені жайлы бірі білсе, енді бірі біле бермес. Сонау жылдарда менің ата-анам Қазақ жерінен пана тауып, ұрпақ жалғастырды, – дейді Корей этномәдени бірлестігінің мүшесі Хван Нелия.

Қазір қарап отырсақ, сол бір қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға қоныс аударуға мәжбүр болған ұлт өкілдерінің жағдайлары жақсы. Бірнеше ұлттың мәдени ошақтары да, мектептері де жұмыс істеп жатыр. Белгілі бір кәсіппен айналысамын дейтіндерінің де жолы ашық. Қазақстан сынды бейбіт елде бүгіндері 100-ден аса ұлт өкілі мен ұлыс мамыражай тірлік кешуде. Қазақ жерінде болашағына алаңдамай, ұрпақ өрбітті. Көрнекті ақын Олжас Сүлейменов айтпақшы, Қазақстаннан пана тапқан сол ұлыстар бүгінде төртінші жүзге айналып кетті.



БҮГІН – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ



Ізгіліктің бір ізі – АЛҒЫС АЙТУ!

АВТОӘЛЕМ

Жаңа жүйе



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалада автоХҚО-да жаңа GPS жүйесі бар автодром іске қосылды.

Алматыдағы «Саялы» шағынауданында орналасқан мамандандырылған ХҚО өз жұмысын қайта бастады. Ондағы автодром жаңа GPS жүйесімен жабдықталды, енді практикалық емтихан барысында бұрынғыдай магнит датчиктері пайдаланылмайды, барлық дерек спутник арқылы жеткізіледі. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Сүйеніш Әбділдиннің айтуынша, «Саялы» ықшамауданындағы мамандандырылған



ХҚО – Қазақстанда алғашқылардың бірі болып ашылған орталық. 9 жылдың ішінде маневрлар мен емтихан тапсырушылардың қозғалысын тіркейтін жабдық ескірді, автодромға жөндеу ғана емес, күрделі жаңғырту қажет. «Бұрын датчиктер бампердің астына орнатылатын, егер көлік бордюрге соғылса, ол бірден істен шығатын. Енді қажетті жабдықтар салонның ішіне қойылды. Сондықтан жеңіл

соқтығыс болса да, көлік қозғалысы туралы ақпарат еш ақаусыз жолданады», – деді Сүйеніш Әбділдин. Жаңа жүйенің арқасында Алматы қаласының №1 мамандандырылған ХҚО автодромы күніне 100-ге жуық курсантты қабылдайды деп жоспарлануда.

Айта кететін жайт, қалада жүргізуші куәлігін ауыстыруға болатын және көлікті қайта тіркеу қызметін көрсететін 5 мамандандырылған ХҚО жұмыс істейді. «Саялы» және «Кемел» ықшамаудандарындағы автоорталықтарда практикалық емтихан қабылдайтын автодромдар бар. 2021 жылы Алматы қаласындағы мамандандырылған ХҚО-лар арқылы 847 881 қызмет көрсетілді. Оның ішінде: көлікті қайта тіркеу – 652 840, жүргізуші куәлігін беру – 187 888. 2022 жылдың қаңтар айында Алматы мамандандырылған ХҚО-лары 95 898 қызмет көрсетті. Оның ішінде: көлікті қайта тіркеу – 76631, жүргізуші куәлігін беру – 37 288.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

Бала еміне алуға болады



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларын өзгерткені жөнінде хабарлады. Жаңа жобаның нұсқасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.

«Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» жаңа жобада біржолғы зейнетақы төлемін балалардың еміне пайдалануға рұқсат беріліп, алушыларға біржолғы зейнетақы төлемдерін өз баласын емдеу үшін пайдалануға болатындығы айтылған.

Сонымен қатар, жұбайының немесе жақын туыстарының біржолғы зейнетақы төлемдерін де пайдалануға болады. Өтініш берушіге медициналық мекемелерден шетелдік ұйымды да таңдауына болады. Алушы ұсынған біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатына сәйкес келсе, уәкілетті оператор құжаттарды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемдері пайдаланылды ма, жоқ па, тексереді.

Емделуге ақы төлеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы пайдаланылуы үшін мына құжаттарды растау керек:

1) қорытынды;

2) медициналық ұйым мен алушы арасында жасалған медициналық қызметтер көрсету туралы шарт және дәрілік заттарды сатып алуға сатушы мен алушы арасындағы шарт. Егер біржолғы зейнетақы төлемдерін алған адам растаушы құжаттарды ұсынбаған жағдайда қаражат арнайы шотқа түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға қайтарулы керек.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ




Биыл қалада **350 мыңға** жуық ағаш отырғызылады




Алматының тау кластерін дамыту мақсатында **1000 шақырымнан** астам тау бағыттары цифрландырылды



Алматыда суару жүйесіне арналған **27 су тоғанын** салу жоспарлануда



Алматының электр энергиясы желілерінің жалпы ұзындығы **8,5 мың шақырымды** құрайды



Алматы тұрғындарының **99,2%-ы** орталықтандырылған газ жүйесімен қамтылған

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Алимент – қарыз емес, жауапкершілік



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Шаһарда алимент төлемей қашып жүргендерден 30 млн. теңге өндірілді.

Былтыр қалада алимент төлемеген 58 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл ақпаратты Алматы қалалық Әділет департаментінің әкімшілік тәжірибе бойынша аумақтық бөлімінің жетекшісі Лаура Абуова мәлімдеді.

«Алимент төлеуді қамтамасыз

ету үшін жұмыс істейтін ата-аналар (қамқоршылар) қажет. Осылайша жұмыс істемейтін борышкерлерді жұмысқа орналастыру үшін департамент Жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, карантиндік шараларды ескере отырып, борышкерлерді жұмысқа орналастыруға арналған бос жұмыс орындар жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Оған 15-тен астам ірі компания қатысты», – деді ол.

Бұл жәрмеңкелердің нәтижесінде 57 борышкер жұмысқа тұрды.

Жұмыстар әртүрлі бағытта, сондай-ақ, еңбекақысы 150 мың теңгеден асатын есепші, экономист, күзетші, жүргізуші, құрылысшы және басқа да мамандықтар ұсынылды. Лаура Әбуованың айтуынша, кейбір борышкерлер қандай да бір ішкі сенімі мен себептерге байланысты алимент төлегісі келмейді.

«Бұл – ерлі-зайыптылар арасындағы жанжал, бір-біріне деген реніш және басқа болуы мүмкін. Осыған байланысты департамент балаларымызға деген жауапкершілікті арттыру мақсатында азаматтарымызға психологиялық қолдау көрсетуді жоспарлап отыр. Біздің ойымызша, алимент төлеуші ата-ана бұл тек материалдық көмек емес, ең алдымен, бұл балаға деген қамқорлықтың көрінісі екенін білуі керек. Себебі, бала өсе келе ата-анасының қамқорлығын, қадір-қасиетін және ертеңгі күнге деген сенім білдіріп жатқанын түсінеді», – деді спикер.

2021 жылы Алматыда 45-тен астам отбасының ата-анасы қайта табысып, алимент төлеу мәселесі өзекті болған жоқ. Сондай-ақ, өткен жылы 103 бітімгершілік келісім жасалған. Сонымен қатар, 2021 жылы алимент өндіру бойынша 58 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 5 тәулікке дейін 30 әкімшілік қамаққа алу шарасы қолданылды. Қылмыстық жауапкершілікке 6 борышкер тартылды.

ПОЛИЦИЯ

Есірткі зертханасы жойылды



Досбол
ОРЫНБЕКҰЛЫ

«Қалқаман» ықшамауданының тұрғыны өз үйінің жертелесінде синтетикалық препараттар шығаратын цех ашып, жасырын жұмыс істеген.



Үй заң бұзушыға тиесілі емес. Бұл жер өткен жылдың қазан айында жас жігітке жалға берілгені белгілі болды. «Полиция қызметкерлері тінту барысында ұнтақ және кесек түріндегі заттарды, химиялық заттар салынған пластикалық ыдыстарды, сұйықтықтары бар колбаларды, электронды таразыларды және жасанды психотроптық затты мефедронды өндіру кезінде қылмыскерлер пайдаланған басқа да керек-жарақтарды тәркіледі. Есірткіні шығаруға 23 жастағы О. есімді азамат жауапты. Аяқталмаған медициналық білімі бар жас жігіт дәрі-дәрмек өндірумен айналысқан. Дәріхана зертханасында барлығы бірнеше келі заңсыз заттар тәркіленді. Олардың түсі әртүрлі: ақ, қара, жасыл, қоңыр. Бір қоңыр құтының салмағы шамамен – 160 грамм, ал әктікі – 500. Бұл – дозасына қарай бөлуді күтіп тұрған дайын өнімдер. Жертөледен табылғанның бәрі: сұйық, кристалды күйде және ұнтақ пішінді – сот-химиялық сараптамаға жіберілді. Сотқа дейінгі тергеу басталды», – дейді Алматы қалалық полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Ерлан Әлмеғамбетов.



● МЕРЕЙ

«ҚҰРМЕТ ЛЕГИОНЫ»
ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыдағы Францияның Бас консулы ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының директоры Олжас Сүлейменовке Францияның Қазақстан Республикасындағы Елшісі Дидье Канесс мырзаның ресми хатын табыс етті.

Ол Франция Республикасы Президентінің өз Жарлығымен Сүлейменов Олжас мырзаны «Құрмет Легионы» орденімен марапаттағанын

айтты. Осылайша Елші шын жүректен құттықтауын білдірді.

ЮНЕСКО-ның қамқорлығындағы MCSC ұжымы Олжас Омарұлын мәдениеттер мен халықтар достығын жандандыруға қосқан елеулі үлесін мойындайды. Сондай-ақ, халықаралық деңгейде мойындалған осы жоғары наградасымен құттықтайтынын жеткізді. Марапаттау рәсімінің күні мен тәртібі хатқа сәйкес кейінірек хабарланады.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖОБА
«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНА – 33 ЖЫЛ

Алматыда Ұлттық кітапханада «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының 33 жылдығы аталып өтті. Шараға 1989 жылы жаппай қырып-жою қаруына қарсы шыққан тұлға Олжас Сүлейменов, эколог Мәлс Елеусізов, осы қозғалыс мүшесі Валерий Жандәулетов, Амантай қажы Асылбек, т.б. қоғам қайраткерлері, белсенділер, ғалымдар, жастар қатысты.

Жиында адамзатқа қауіпті қарудың зияны, залалы және бейбітшілік төңірегінде ойлар қозғалды. Сонымен қатар, аталған антиядролық қозғалыстың құрамы жастармен және белсенділермен тоғысты. Қозғалыстың көшбасшысы Олжас Омарұлына игі тілектер айтылды. Ақынға жастар өз сыйлықтарын берді. Сондай-ақ, мемлекет және қоғам қайраткерінің қолынан марапаттар табысталды.



Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Невада-Семей»
қозғалысының
жетекшісі, ақын:

– Биыл біздің қозғалысымызға 33 жыл толды. Бұл ғаламдағы ірі қозғалыс болды. Тіпті, күллі жаһанды дүр сілкіндірді. Біздің бейбітшілік бағытындағы істерімізге Америка

Құрама Штаттары, Жапония танданды. Сонымен бірге, бұл бағыттағы бастамаларымызға қолдау танытты. Неге? Ойткені, жаппай қырып-жоятын қарудың зияны үлкен. Салдары ауыр. Оны әлі сезіп келеміз. Осы жылдар ішінде тар жол, тайғақ кешуден өттік. Бұл жөнінде айтылып та, жазылып та жүр. Мұндай игі істердің тамыры тереңге кетеді. Оған тарих өз бағасын береді.

Бір нәрсені айта кеткен жөн. Ядролық қару тұтас кеңестік империяның мүддесі болатын. Бұған тек Орталық жауапты еді. Былайша айтқанда, тікелей КСРО-ға бағынатын. Ол уақытта жастау едік. Жігер тасып тұратын. Қайтпадық, ақыры қарусыздану терминін енгіздік. Ендігі жерде бұған дейінгі істеріміз бен шаруаларымыз түгесіліп қалмақ емес. Бұл

қозғалысты одан әрі жандандыра береміз. Баршаңызға амандық, тыныштық тілейміз.



Мәлс ЕЛЕУСІЗОВ,
эколог:

– 1989 жылы біз жас едік. Сол кезеңдерде экология саласында істеп жүрдік. Міне, сол уақытта Олжас ағамызға көмекші болдым. Жанында болып, антиядролық қозғалыстың істеріне атсалыстық. Бірде әскерилерден суық хабар жетті. Андап зер салсақ, ядролық сынақтың кезекті жарылысы болыпты. Дәлірек, ұшқыштар жарылыс газдың лақтырылғанын айтты. Ағамыз менен оқиғаның жәй-жапсарын сұрады. Мен нақты неден болғанын түсінбейтінімді айттым. Бірақ антиядролық институттың маманына жүгінуге кеңес бердім. Осылайша қыруар шаруаға кірісіп кеттік.

Содан бүгінге дейін талай іс атқарылды. Біраз жұмыстар жасалды. Бұл шынымен де, үлкен шаруа, жалпыадамзаттық тұрғыдан алғанда ғажап іс болды ғой деп ойлаймыз. Бір қарағанда жеңіл сияқты. Қозғалыстың ішінде жүріп, ыстығына күйіп, суығына тоңғандар түсінеді. Барша әлемге бейбітшілік тілейміз.



Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
қоғам қайраткері:

– Өздеріңіз білесіздер, «Невада-Семей» тарихта қалған оқиға болды. Ерлікпен паралап. Оны әрбіріміз сезініп, түсінеміз деп ойлаймын. Бұл ұйымның істері айқын. Оның бәрін қоғам біледі. Осы қозғалыстың арқасында қаншама жанның тағдыры дұрыс бағытқа бұрылды деп ойлаймыз. Бір нәрсені айтпасақ болмайды. Ол – Олжас Омарұлының ерлігі, қайсарлығы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

МҰРАЖАЙ – МӘДЕНИЕТ
АЙНАСЫ

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Мәдениет – адамзатты мейірбандыққа үндейді. Дүниедегі сұлулық пен көркемдіктің мәні де сонда.

Адамзаттың жаны рухани байлықты аңсайды. Онсыз ілгері басу – көзсіздік. Барша-мыз үшін шежіренің орны бір бөлек. Өткенді елемей, өрлей алмаймыз анық. Бұрынғы шақтағы естеліктерді ұшырастыратын бір жер бар. Ол – музей. Ел арасында «Алматы – мәдениет ордасы» деп аталады. Шаһарда сондай рухани орталықтар көп. Сондықтан ішкі тыныс-тіршілігімен де таныс болуды жөн санаймыз. Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік мұражай қызметкері, экскурсовод Гүлденай Бекбаулиеваны сұхбатқа тартқан едік.

– Гүлденай Мұхтарқызы, көпшілікке мәдени орталықтың қыр-сыры беймәлімдеу. Жалпы, музейдің тыныс-тіршілігі, шежіресі жөнінде айтсаңыз?

– Иә, біздің тарихымыз тереңде. Бұрынырақта да мұражайға келген болсаңыз, жұмысымыздың шет-жағасымен таныс боларсыз. Өлгінде айтқанымдай, алғаш 1934 жылы ашылады. Сол шақта «Шевченко» атауын иеленеді. Нақтырақ, көркем-сурет галереясы болып, шымылдығын түреді. 1976 жылы жаңа ғимараттың іргесі қаланады. Құрылысы аяқталғаннан кейін осында көшіріледі. Дәл бүгін сіз бен біз сол кезде салынған тарихи орында сұхбаттасып тұрмыз.

– Қазақтың көрнекті суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі қашан берілді, ғимараттың ерекшелігі туралы айтсаңыз?

– Өте орынды сұрақ қойдыңыз. Біздің мәдени орталығымыздың тамыры тереңде. Шежіресі өткен XX ғасырда жатыр. Еліміздегі бірегей орталық саналады. Дәлірек баяндайын.

● АЛҒЫС

«Балам үшін рахмет!»



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 түзеу колониясында «Алғыс айту күніне» орай «Ашық есік» ұйымдастырылды.

Бұл күні жазасын өтеп жатқан балалар ата-аналарымен кездесіп, құшақтары айқасып, мәре-сәре болды. Екі жақ бір-біріне деген сағынышын, ықыласын жеткізді. Ауыл-елдің сәлемімен қоса, үйдің дәмін, тәттісін көтере келген үлкендер балаларын қуантты.

Аталған іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты «Оқушылар үйі №6 ЮНЕСКО клубының» директоры Зейнеп Аришева мен ұлттық аспаптар және домбыра үйірмесінің жетекшісі Мерхат Сейітқазыұлы ұйымдастырған концерттік бағдарлама әрледі. Бас бостандығынан айырылған балалар ата-аналарымен бірге отырып ән тыңдап, жырмен сусындады.

Аяғын жаза басып, осы жабық мекемеде отырған жасөспірімдердің ата-аналары колония қызметкерлеріне алғыстарын білдірді. Қылмысқа ұрынып, жазалы болған балаларын бауырларына басып, баскөз болып, тәрбиелеп жатқаны үшін ризашылықтарын жеткізді. Балалар да алғыс айтты.

Іс-шараны түйіндеген мекеме бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары әділет подполковнигі Гүлшат Нұржанова

1984 жылы Ә.Қастеев музейі болып өзгертіледі. Жалпы сұлбасы ерекше. Үш бұрышты, пирамида пішіндес болып келеді. Жарықтың мол түсуіне, төбедегі терезелер экспозициялардың анық байқалуына негізделген. Барлық жағынан есептелген. Былайша айтқанда, заманауи қағидалармен астасады дей аламыз. Сонысымен де құнды деп білеміз.

– Құнды жәдігерлер жөнінде тереңірек таныстырсаңыз?

– Бізде 14 экспозициялық зал орналасқан. Кіріспе, қолданбалы деген сияқты бірнеше бөлікке бөлінеді. Соның ішінде іргелісі қазақ халқының ұлттық қолөнер бұйымдарына арналады. Бұнда XIX-XX ғасырдағы жауһарлар сақталған. Осындағы жәдігерлер осы дәуірдің туындысына жатады. Ерекше бір кісінің есімін атағым келеді. Музейдің тұңғыш директоры Құлақмет Қожықов. Ол кісі ел арасынан, экспедициядан көптеген құмыралар, картина, қолөнер бұйымдарын, құнды заттарды жинақтаған. Осындай істердің нәтижесінде қорымыз толығып тұр.

– Хандар, билер, ханшайымдар мен бекзадалардың қолданған заттары сақтаулы ма?

– Бұл жағына жауапты мамандар бар. Солар анық-қанығын біледі. Десе де, жаңа айтып өткенімдей, оншақты зерделеу іссапарларының пайдасы мол болды. Соның арқасында елдімекендер мен ауыл-аймақтардан жиналды. Қазақ халқы алтынды емес, көбінесе күмісті тұтынған. Екі көзді күміс жүзік қоғамдағы әлеуметтік статусты аңғартады. Яғни өз заманының беделді отбасының бәйбішесі, жары дегенді білдіреді. Сондай-ақ, мұражайымыз Әбілхан Қастеевтің атында болғандықтан, суретшінің өзіне арналған залы бар. Онда ұлт абызының картиналары қойылған. Жалпы айтарым, музей мәдениеттің ошағы дер едім.

– Сұхбатыңызға рахмет!



өнерлерін ортаға салған, «Ашық есік» күніне мән берген өнерпаздарға алғыс айтып, мекеме бастығының атынан «Алғыс хатпен» марапаттады.

Жазасын өтеп жатқан Ақниеттің анасы:

– Бүгінгі ауа райы да біздің жайлауымыз сезімімізді жеткізіп тұрғандай. Баламмен қауышып, бауырыма басып, қуанып тұрмын. Коронавирус деп, екі жылдан бері қатынас үзілген еді. Колония басылылығына алғыс айтамын, осындай диалогтар күнін ұйымдастырған. Баламның көңіл күйі жақсы. Денсаулығы да жақсы. Әрине, үйдегідей болмайды ғой. Бірақ қылмыс жасады ма, мойнымен көтереді. Баламның есейгенін, салмақты бола түскенін байқап, қуанып қалдым. Мекеме ұжымына сол үшін де алғыс айтамын.

Балалар колониясындағы Асхаттың ағасы:

– Пандемияға байланысты екі жаққа жүздесуге шектеу қойылған болатын. Бүгін балаларымызбен, інілерімізбен диалогтасып жатырмыз. Қатты сағынып қалыпмыз бір-бірімізді. Телефонмен сөйлесу бір басқа да, жүздесу мүлдем бөлек дүние ғой. Балалардың жатын орнымен, асханасымен, кітапхана-сымен, білім алып жатқан мектебімен таныстық. Бәрі айнадай тап-таза. Темірдей тәртіп барын байқадым. Жаңа футбол алаңы пайдалануға берілген. Қуанып қалдық. Мұның бәрі бозбалалардың дұрыс жолға түсуіне ықпал етері сөзсіз.



ТҰЛҒАТАНУ

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!».

ЖАМБЫЛ.

РУХЫ БИІК ҰЛЫ ТҰЛҒА

28 ақпан – Жамбыл Жабаевтың дүниеге келген күні



Өткен жылы ғана еліміз өлең-сөздің дүлдүлі, жырышылығымен де, жыраулығымен де даңқы өрлеген жыр жампозының 175 жылдық мерейтойын атап өткені белгілі. Биыл халық акындарының жаңа көшін бастаған поэзия алыбының туғанына (28.02.1846 – 22.06.1945 ж.ж.) 176 жыл толып отыр.

«Жамбыл – менің жай атым, Халық – менің шын атым» деп жырлаған Жамбыл Жабаевты заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «ақындардың ақыны, айдын көлдей ақылы» деп бағалаған.

Ол елдің әлеуметтік саяси өмірін жасампаздық рухпен, ақындық шыншылдықпен, азаматтық жауапкершілікпен бедерлеген биік парасат иесі, ел өміріндегі шындықты қайсар мінезбен, жеңіс пен ерлікті ерекше шабытпен жырлаған тұлға.

Абыз акын жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты.

Жамбыл – әрі эпик, әрі айтыс ақыны, ұлтын ұлықтаған жырау әрі жауынгер жыршы. Жыр-толғауларымен де, өзі қайта жаң-

ғыртқан «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындыларымен де даңқы өрлеген жыршы. Акынның шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып, дүние жүзіне тарады. 1936–1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен.

Өзінің әр шығармасында, әр жырында «ақын ғаріп емес пе, байды өтірік мактаса, заман ғаріп емес пе, әділеттен аттаса» деп ақиқат пен әділдіктің туын желбіреткен, «жабы жүйрік болар ма – байлағанмен, жасық болат болар ма – қайрағанмен», «серт адамды байлайды, ер жігіт серттен таймайды» деп өрлікке, өжеттікке, антқа адалдыққа шабыттандырған, «ел үшін туған ерлердің, алды-арты дария кең болар, жігерлі болса – ер болар», «артықша туған азамат халыққа үлкен бел болар» деп ұрпаққа ұран тастаған Жамбыл мұрасы – руханиятымыздың толассыз бұлағы, ұлт құндылығы.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», – деген екен Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл мұрасы – ұрпақ үшін өшпес өнеге, мәңгілік жәдігер. Оның есімі жасампаз ұрпағымен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасайды.

Ол ұлтымыздың рухы биік ұлы тұлғасы болып қала береді.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

(Дереккөз: Уикипедия ашық энциклопедиясы).

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біз Алматының Абай мен Әуезов көшелерінің қиылысында тұрған мына суреттегі ыңғайсыздықты байқадық. Бірден көзге оғаш көрінді. Кезінде ұлт

ТАҒЫМ

«Шәмшісіз өткен 30 жыл»

28 ақпан күні көрнекті композитор, Қазақстанның халық әртісі, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың құрметіне арналған «Шәмшісіз өткен 30 жыл» атты еске алу кеші өтті.



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Іс-шара Ұлттық кітапхананың Назира Дәулетова атындағы залында өтті. Кеш барысында композитор өз әндерінің шығу тарихы жайлы жанды дауыста айтқан



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» деген еді. Ата-бабамыз «ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шықпақ» депті. Тегі, нақ айтылған пайым-түсінік.

АБАЙ МУРАЛЫ

неге ыңғайсыз салынған?

ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Абай қазақтың бас ақыны» деп баға беріп еді. Ал оның бүгінгі ұрпақтары неге бейқамбыз? Тіпті, салғырт болып кеткенбіз бе?

Мемлекет басшысы хакім Абайды ұлттың шамшырағына балады. Бостандық ауданының басшылығы мен атқамінерлер, осы муралды салғандар, сіздерден ұлы ақын Абайдың суретін жөндеп, жантайтпай, қайта салады деп сенеміз.

таспа тыңдатылды. Шәмші Қалдаяқовтың ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың тұлғасы мен ақындығы жайындағы білдірген ерекше пікірі де қосылды. Сонымен қатар, композитор жайлы аңыз әңгімелердің дақырты мен шындығының ара-жігі айқындалып, Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығы мен мол мұрасына қатысты тың деректерден мағлұматтар берілді. Оның ішінде Шәмші ағамыз небәрі 26 жасында қазіргі Мемлекеттік Әнұранымыз – «Менің Қазақстаным» әнін қалай жазғаны туралы айтылды. Кеш композитор әндерінің айтылуымен қорытындыланды.

Іс-шара аясында кітапхана қорынан Ш.Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы туралы «Шәмшісіз өткен 30 жыл» атты безендірілген кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Еске алу кешіне мәдениет және өнер қайраткерлері, кітапхана қызметкерлері мен өнерсүйер қауым қатысты.



РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

Ән әлемінің саңлағы



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

КСРО және Қазақстанның халық әртісі Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның даталар күнтізбесіне енгізілді.

Нұр-Сұлтанда Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына арналған әншінің өмір жолынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ, әншіге арналған мүсін таныстырылды. Өнер туындысының авторы – гиперреалист мүсінші Айдос Есмағамбетов. Вице-министр Нұрқиса Дәуешовтің хабарлауынша, әншінің мерейтойына арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Жоспар 41 тармақтан тұрады. Еліміздің өңірлерінде 400-ге жуық іс-шара өткізу жоспарланған, оның ішінде республикалық деңгейде 25 іс-шара өткізіледі. Ал халықаралық деңгейде 5 іс-шара өткізу көзделген», – деді Нұрқиса Дәуешов.

Әншінің өмірі мен шығармашылық жолына арналған көрме «Қазақконцерт» мемлекеттік концерт ұйымы ғимаратында ашылды.

«Көрмеде әншінің өнердегі алғашқы қадамы мен зор жетістіктері, соғыс жылдарындағы қайсарлығы, азаматтық белгісі,



өмірінің жарқын сәттері көрініс тапты. Жоспар бойынша бүгін Қазақстанның Орталық концерт залында Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойын мереке-леудің ресми шарасы, өнер шеберлерінің концерті өтеді. Одан кейін Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Алматы қалалары және ЮНЕСКО-мен бірлесіп Парижде, Мәскеу қалаларында мерекелік концерт өткізу жоспарланған», – деді вице-министр.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласындағы музыка мектептерінің біріне Роза Бағланованың есімін беру

және әншінің бюсті орнату жоспарланып отыр.

Қызылорда қаласында орталық алаңда бой көтерген Роза Бағланованың ескерткіші алдағы уақытта ашылады. Ал 2022 жылдың бірінші тоқсанында Алматы қаласында Қалдаяқов пен Төле би көшелерінің қиылысында әншінің ескерткіші орнатылады.

«2021 жылы ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған Естелік даталар күнтізбесінің тізімі қабылданып, оған Қазақстанның ұсынысымен әнші Роза Бағланованың 100 жылдығы енді», – деп хабарлады Н.Дәуешов.

Сондай-ақ, өңірлерде жыл бойы Роза Бағланованың мерейтойына арналған фестивальдер, концерттер, кештер, семинарлар, көрмелер, конференциялар өткізіледі. Айта кететін жайт, «Қазақконцерт» ғимаратында 1, 3 және 6 наурызда «Қазақтың қаһарман қызы», «Арнау», «Қазақ деген халықтың еркесімін» концерті өтеді. Бүгін өтетін концертте еліміздің танымал әншілері, жас әншілер, Қырғызстан, Өзбекстан, Беларусь мемлекеттерінен келген әртістер және Роза Бағланованың немересі Үрбибі сахнада өнер көрсетеді.

БАЙҚАУ

Ондықтан озып шықты

Алматылық студенттің деректі фильмі республикалық байқауда жеңіске жетті.



Досбол
АТАЖАН

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы режиссура мамандығының 5-курс студенті Рүстем Дастанұлы республикалық «Высокое небо» деректі кинофестивалі аясындағы қысқаметражды деректі фильмдер байқауында жеңіске жетті.

Байқау 21–25 ақпан аралығында Ахмет Байтұрсынұнов атындағы Қостанай өңірлік университетінің ұйымдастыруымен онлайн форматта өтті. Фестиваль қазақтың көрнекті режиссер-документалисі Ораз Әбішевтің құрметіне арналған. Шараға А.Байтұрсынұнов атындағы ҚРҰ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Тұран» университеті, Т.Жүргенов және Лисаковский техникалық колледжі қатысты. Жоғары оқу орындарынан барлығы 10 жұмыс қатысып, бағаланды.



МЕРЕЙ

Өшпейтін үн,
өлмейтін ән сыйлаған...Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алты алаштың ардағына айналған ұлылар – Мұқағали мен Нұрғисаның танысып-табысуына себепкер болған Нұрғали Нүсіпжанов – 85 жаста! Күміс көмей, жез таңдай әншінің қазақ сахнасының көгіне көтерілгеніне биыл – 65 жыл.

Әр заманның өз қаһарманы бар. Олардың тағдыр-тарихтары да тоқсан түрлі. Қазақтың қаймағын қынадай қырған 1937 жыл бізден бар асылымызды алды да, соның қарымтасындай алтын асылдарды қайта туғызды. Солардың бірі – Нұрғали Нүсіпжанұлы. Нұрғали аға – жан-жақты

білімдар адам. Бұл күнде әншінің жеке қорында 7 мың кітабы бар. Одан бөлек, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Асқар Токпанов, Кенен Әзірбаев сынды біртуар ұлдардың сыр-сұхбаттары жазылған таспалары да Нұрғанын жеке архивінде қаттаулы тұр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Достық. Сенім. Ұлылық



Нұрғаның репертуарындағы әр әннің өз өмірі бар. Бұл күнде қазақтың гимніне айналып кеткен «Өз елімнің» шығу тарихы – бөлек бір әңгіме.

– «Өз елімнің» авторы – Нұрғиса Тілендиевпен арамыздан қыл өтпеген 51 жыл дос болдық. Біздің ұлы достығымыздың басты себебі – атадан жалғыз болуымыз да шығар. Нұрғиса Тілендиев те, мен де әкеден тараған жалғыз ұлдармыз. Нұрғиса ағаммен 3-4 күн көріспей қалсақ, қоңырау шалып, «Нұрғаш, қайда жүрсін, кел...», – деп шақырып алатын. Барған кезімде дүркіретіп, «Өз елімді», «Саржайлауды», «Теріскей», «Асыл әжем», «Әкеме», «Отырар сазы» және т.б. өлеңдерді ойнатып жіберетін. Жеке репертуарымдағы әндерімді жанды дауыспен айтқызып, айызы қанғаннан кейін, оркестрдің бәрін орындарынан тұрғызып, сәлем бергізетін еді. Адуын, асау мінезді Нұрғиса Тілендиев «жалғызым-ау, адалым-ау, сағындырып қайда жүрсін» деп құшақтағанда, көздерінен аққан жас кеудесін жуып тұратын, – деп еске алды әнші.

Нұрғали ағамыз Шәмші Қалдаяқовпен де керемет дос болған адам. Көзі тірісінде әншінің талантын жоғары бағалап, талай шақырымды артқа тастап, әндерін Нұрғали Нүсіпжановқа арнайы аманаттаған.

– Көзі тірісінде «Нұрғали» деген атымды атамай кетті. Әрқашан «Нұрғаш» деп еркелететін еді. Сиясы кеппеген әндерін өз қолдарымен аманаттап тапсырған болатын. «Ой, аға ана Оңтүстіктен бір әнді біреуден беріп жібермедіңіз бе, менің жасым кіші ғой» деген кезімде «Нұрғаш-ау, бұл сенің мойныңа іліп, халқыңа жеткіз деп, аманаттап әкеліп тұрған әнім ғой. Оны мен қалай біреуден беріп жіберемін», – деп әрбір әнін өзі аманаттап әкелетін. Дәл солай Нұрғиса ағам да түн демей, күн демей шақырып алатын. Ақын Қадыр ағам, орындаушы мен,

әуенді әрлейтін Нұрағам – үшеміз түнімен ән жазатынбыз. Бізде мына территория – ақындыкі немесе орындаушының деген ұғым болған жоқ. Біз «үштік одақ» болдық. Қадыр ақынның да, Нұрағаның да менен жасы үлкен. «Орындайтын сен айналайын, қарағым. Біздің жазғанымыз, әуенмен әрлегеніміз – бір бөлек, оны халыққа жеткізетін – сен. Сондықтан әнді өзіңе ыңғайла», – деп айтатын. Мен жасым кіші болған соң, «мына жерін жөндеу керек» деп айтуға қысылып, «сіздердің жастарыңыз да, жолдарыңыз да – үлкен. Бұл әнді ыңғайлағаным дұрыс болмас» десем, екеуі «ауыздарына түкіріп қойғандай»: «халыққа 100 жыл, 1000 жыл қызмет ететін ән болса, оны талай рет түзетуге бармыз», – дейтін еді. Солай, түнде барып, таң аттырып жазған «Өз елім» әні осылай дүниеге келген болатын, – дейді Нұрғали Нүсіпжанов.

Нұрғали Нүсіпжановтың әншіліктен бөлек, суретшілік, сәулеткерлік өнері де бар. Оған дәлел – ағамыздың өз қолымен тұрғызып әулім үйі.

– 1-курста Алматыға келіп, Алматының шатырлы үйлерін көріп, қатты қызыққан едім. Ауылдағы ата-анама әулім үй салып бергім келетін. Өздеріңіз білесіздер, 90-жылдарда қазақ ауылдарында жатаған үйлер болатын. Сол жылы ауылға барып, кірпішті өз қолыммен құйып, 2-курста Алматыдан шатыр тасып, ертегідегідей үй тұрғыздым. Қазір 75 жыл өтсе де, бір кірпіші мүжілмеген, бір сылағы түспеген, – дейді әнші ағамыз.



Дәнекер

Дінмұхамед Қонаевтың көзі тірі кезінде көптеген өнер адамдарының ішінде ерекше ықыласпен жақсы көрген інісі – Нұрғали Нүсіпжанов болатын. Оған куә Нұрағаның келесі естелігі:

– Дінмұхамед көкемнің мұражайын аралап жүргенімізде, экскурсовод келіншек «Нұрғали аға, менің сізге бір тосын сыйым бар» деп, мұражайды түгел аралатып, Дінмұхамед Қонаевтың жеке бөлмесіне алып келді. «Қонаев ағамыз демалып отырған сәтінде, үш-ақ әншіні тыңдаған. Оның біреуі – шет ел әншісі, біреуі – Кеңес үкіметінің әншісі, біреуі – сіздің пластинкаңыз» деген еді. Пластинканы кезінде «Ардақты ағам» деп жазып сыйлаған болатынымын, Мен – Дінмұха-

мед көкемнің алақанында, құшағында болған бақытты адаммын ғой. Әрбір іссапардың алдында, іссапардан кейін Дінмұхамед көкемнің қабылдауында болдым. Сонда көкемнің сұрайтыны – шет елдегі қазақтардың жағдайы еді. Кейіннен сол, Германияның, Қытайдың қазақтары Алматының телефонын алып қалып, Қазақстанға Дінмұхамед Ахметұлының үйіне сәлем беруге келгенде мені іздеп тауып алған болатын. Солай шет ел қазақтарын Дінмұхамед көкеме арнайылап апарып тұрдым, – дейді Нұраға.

Шет ел қазақтарының Дінмұхамед Қонаевқа сәлем беруіне, сағынышын жеткізуіне дәнекер болған да – Нұрғали Нүсіпжанов ағамыз.

Сұхбат барысында бір байқағанымыз, қанша мактау мен мадаққа лайық тау тұлғаның өз мансаптарын маркай айтпайтыны. Бұл Нұрағаның – ұлылығының белгісі деп білемін. «Жамандар «жақсымын» деп айқайлайды, жақсылар «жақсымын» деп айта алмайды» демеуші ме еді? Терменің дәл осы нақыл сөздері тау тұлға Нұрғали Нүсіпжановқа арналғандай...

Әншінің көмейінен төгілген әрбір әні барша қазақтың жүрегінен табылғаны анық. 100 жылда бір-ақ рет туатын Нұрғали ағам «1 наурыз – Алғыс айту» күні барша халықтың атынан өшпейтін үн, өлмейтін ән сыйлағаны үшін алғыс айтамын!

ЛЕБІЗ

Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:Қазағым барда –
мен бармын!

Біздің байтақ елімізде 2016 жылдың 1 наурызынан бастап – «Алғыс айту күні» атап өтіле бастады. Дәл осы күні Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғандықтан мерекенің мәні де, маңызы да тереңдей түскендей.



Алғыс айту күнін мерекелеудің тағы бір тиімді тұсы – «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мәнісінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді. Осынау жылылыққа толы «Алғыс айту күні» – ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы сонау қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білсе, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Алғыс айту күні – күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні.

Еліміздегі «Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өтуі өте әділетті қадам болды дер едім. Бұл күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түсіп, мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесіне айналды.

Бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп-этносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. «Алғыс айту күні» – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің қазақ халқының көрсеткен мейірімділік пен ақкөңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлері күні.

Осы күні мен өзімнің туған Отаным, туған халқыма айналған Қазақ халқына шексіз алғысымды білдіремін. «Қазағым барда – мен бармын!» деп тағы да айтқым келеді.



АҚ ТІЛЕК

Шухрад ШАРДИНОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты,
Nur Otan фракциясының мүшесі:



Ізгілік пен береке мерекесі

Елімізде түрлі ұлыстар татулық пен бейбітшілікте өмір сүруде. Мемлекетіміздегі өзара келісімді нығайту мақсатында 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, ұлысаралық түсіністік пен бірлікті нығайтуға зор атсалысып келеді.

Бұл бірегей институт өзара келісімді беріктендіру арнасында зерделеу жұмыстарын іске асырып, жастар арасында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Қазақстанның осы бағыттағы мол тәжірибесін өзге мемлекеттер тыңғылықты зерттеуде.

Елімізде 2016 жылдан бері Алғыс айту күні аталып өтуде. Бұл мерекенің мәні аса зор. Алғыс айту күні – отандастарымызды өзара татулыққа, бір-бірін ізгілікпен құрметтеуге, еліміздің тарихын қас-терлеуге шақыратын, түрлі ұлыстарды киелі шаңырақ астына ұйыстыратын мереке.

Президентіміз, Nur Otan партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Бұл күні біз елді өркендететін тату тіршілік пен жарасымды сыйластық жолындағы ниетіміздің тоғысқаны үшін бір-бірімізге алғыс айтамыз. Тәуелсіздік кезеңіндегі табыстарға береке-бірліктің арқасында ғана қол жеткіздік. Бұл – егемен еліміздің баға жетпес байлығы».

Ардақты ағайын, Алғыс айту күні құтты болсын! Баршамыздың ниетіміз Отанымыз Қазақстанды өркендетіп, ұйысқан берекемізді нығайтуға арналысын дегім келеді. Әрбір отбасына мол қуаныш пен үлкен жетістіктер тілеймін.

ЕЗУТАРТАР



КІРПІ

Кірпі Қонжық досына:

– Негізі, екеуіміздің бір-біріміз үшін бар болғанымыз қандай жақсы! – деді риза көңілмен.

Қонжық оны құптағандай басын изеді.

– Елестетіп көрші өзің: мен жоқпын, ал сен сөйлесетін ешкімің жоқ жалғыз отырсың.

– Сен сонда қайдасың?

– Мен жоқпын деймін.

– Олай болуы мүмкін емес, – деді Қонжық.

– Мен де солай ойлаймын, – деді Кірпі. – Дегенмен, мен аяқ-астынан мүлдем жоқпын. Сен жалғызсың. Сонда не істер едің?

– Айналаның бәрінің астан-кестенін шығарып қопарып, іздеп жүріп сені тауып аламын.

– Мен жоқпын, еш жерде!

– Онда, онда... Мен егістікке жүгіріп шығамын да, – деді Қонжық, – Бар даусыммен «Ki-i-p-i-i!» деп айқайлаймын, мені естіген сен дереу «Қон-жы-ық!» деп айқайлай үн қатасың. Міне, солай.

– Жоқ, – деді Кірпі. – Мен жоқпын, тозаңым да жоқ деймін. Түсінесің бе?

– Неменеге маған қадалып алдың өзің?! – деп ашуланды Қонжық. – Егер сен жоқ болсаң, мен де жоқпын деген сөз. Түсіндің бе?..

Орыс тілінен аударған Нұр ЖАМАЛ.

КӨРМЕ

«Қазақстан – бір ел, бір халық, бір болашақ»



Досбол
АТАЖАН

Алғыс айту күніне арналған «Қазақстан – бір ел, бір халық, бір болашақ» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Қазақстан кітаптары» қызметінің О.Жандосов атындағы оқу залында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Депозитарийі жанында Алғыс айту күніне арналған «Қазақстан – бір ел, бір халық, бір болашақ» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрме мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында толеранттылық пен бір-біріне деген құрмет пен достық сезімдерін ұялату, сондай-ақ Қазақстандағы ұлттаралық келісім мен өмірге деген сенімді нығайту. Кітап көрмесінде Қазақстанның түрлі этностарының, республика аумағында тұратын түрлі ұлттардың тарихы мен өмірі туралы материалдар және ҚР Ұлттық кітапханасының қоры мен Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Депозитарийінің мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалары ұсынылады.



Алғыс айту күні Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне, яғни 1 наурызға орайластырылған.

ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМ

Әлем елдері «Алғыс күнін» қалай тойлайды?



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Еліміз «Алғыс айту күнін» тойлап келе жатқанына 5 жылдан астам уақыт өтіпті. Алайда, әлі күнге дейін бұл мерекені сезінбей, әдеттегі жұмыс күні секілді өткізетіндер де бар. Осы бір күні жақын-жуықтарымызға, көптен араласпаған таныс-тамырымызға хабарласып, жасаған жақсылығын еске алып, алғыс айту арқылы мерекені сезіну, сезіндіру өз қолымызда. Ал сан жылдық тарихы бар мейрамды өзге елдер қалай тойлайды? Әлем елдерінде де Алғыс айту күні ерекше аталып өтеді. АҚШ және Канада халқы Алғыс айту (Thanksgiving Day) күнін қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтетін көрінеді.

Америкада Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшын отаршыларының бастамасымен тойланған.



Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан, губернатор Уильям Брэдфорд қоластындағылардың көңіл күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рахмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық отаршылар мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен.

Кейіннен, яғни 1789 жылы Джордж Вашингтон Рахмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялаған. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастархан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метрларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. XVII ғасырдан келе жатқан әртүрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады.

Қытайлықтардың да бұл мерекені атап өтуі ерекше. Қытайлықтар үшін Алғыс айту мерекесі қыркүйек айының соңы мен қазанның ортасы болып есептеледі. Тіпті, кейде мұны «күз ортасындағы фестиваль» деп те атайды. Жиын-терім маусымының аяқталғанына қуанып, олар қуаншылық болдырмай, астықты жинап алғаны үшін айдаһарға алғыс сезімін білдіреді. Қытайлықтар бұл мерекені отбасында ғана емес, тұтас деревня болып тойлайды. Балаларын әдемі киіндіріп, шеруге шығарады. Сосын кешкілік Айға қарап, келешек күннен жақсылықтың болуын тілейді.



Жапондықтар Алғыс айту күнін күзде, 23 қарашада салтанатты жағдайда атап өтеді. 1948 жылы Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліп, қалжыраған жапон билігі бүкіл бақ та, жақсылық пен дәулет те, тек еңбек арқылы келетінін халыққа осылай ұғындырған. Сөйтіп,

күріш жиналған қара күздің 23 қарашасын «Еңбек күні» немесе Алғыс айту мерекесі деп жариялаған. Содан бері осы күні Күншығыс елінің тұрғындары 23 қарашада еңбектің құдіреттілігі туралы айтып, бір-біріне алғыс сезімін білдіреді.




Бірақ Алғыс айту күнін тұтас мемлекет емес, бір қала тұрғындары ғана тойлайтын елдімекендер бар. Мысалы, Голландияда Лейлан қаласы тұрғындарының бұл мерекеге құрметі ерекше. Себебі, Америка жеріне алғаш аяқ басқандардың қатарында Лейлан қаласының байырғы тұрғындары да болған. Сондықтан ежелгі Америка жерін көріп келген Лейланның қарапайым тұрғындары осылай Алғыс айту күнін өз шаһарында да тұрақты өткізіп, дәстүрге айналдырып жіберді.

Либерия Америкадан қашық орналасқанымен, айтулы күнді атап өтуі өте ұқсас. Ерекшелігі, Либерияда қарашаның соңғы емес, алғашқы бейсенбісі күні тойлайды және күркетауық етінің жанында міндетті түрде кассава өнімі болады. Бақытты өмірі үшін алғыс айту шарасы дәл Америкадағы секілді өтеді.



Германияда алғыс айту мейрамын «Erntedankfest» атап, қазан айының алғашқы жексенбісі күні, егін алқабында тойлайды. Келесі жылы да егін осылай түсімді болсын деп ниеттеніп, тамаша табиғат (орман, көкөніс, жеміс-жидек) тарту еткен тағдырға алғыс айтады. Дастарханға жаңа піскен көкөніс, жеміс-жидек, дәмді-дақыл, Германияның дәстүрлі тағамдарын, өзге де дәмді-тәттілерді қойып, атап өтеді. Осы азықтарды мейрам нышаны ретінде дастарханға қойып, көшеде фестиваль-дар өткізеді.



Израиль халқы да Суккот мерекесі – алғыс айту күнін 3000 жылдан бері тойлап келеді. Шөл далада ауырмай-сырқамай, аман-сау өмір сүретініне тағдырға алғыс айтады. Көшеге шағын шатыр тігіп, жеміс-жидек, көкөністермен дастарханды әрлеп, отбасы мүшелері кешкі ас ішеді, барлығына алғыс жаудырады.



Корея елінде алғыс айту шарасы 15 тамызға қарай, Чхусок деген атаумен мерекеленеді. Мейрам үш күнге созылады, жол бойында жиын жасалады. Кәрістер ұлттық тағамын, сонпхьян (songpyeon) атты күріш бәлішін дастарханға қойып, халықтық ойындар ойнайды.



Міне, әр ел өзінің тойласа да, мұның мән-мағынасы, тағылым алар тәрбиесі жетерлік. Сондықтан біріріңізге алғыс айтып, құрметпен қарап жүргеннің артықтығы жоқ.



ЗЕРДЕ

ЖАДЫМЫЗ БЕН ҚАЙҒЫМЫЗДЫҢ МӘНГІЛІК ҚОҢЫРАУЫ

«Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының көпқырлы қызметі жайлы талай мақалалар жарық көрді. Семей ядролық полигон-ындағы сынақтарды тоқтату туралы халық талабынан кейін құрылған қозғалысқа биылғы 28 ақпан күні, міне, 33 жыл толды.

1949–1989 жылдары ашылған деректер бойынша Семей сынақ полигонында 468 ядролық сынақ өткізілген екен. Жалпы 616 ядролық және термоядролық құрылғылар жарылды, оның 125-і атмосфералық, 343-і жер астындағы ядролық сынақтар. Ядролық сынақтарды айтпағанда, мұнда химиялық заттарды қолданумен 175 жарылыс, оның ішінде 10 тоннадан астам зарядпен 44 жарылыс жасалды. Сонымен қатар, толық емес тізбекті реакциялары бар ондаған гидроядролық және гидродинамикалық сынақтар – жарылыстар жүргізілді.

Семей полигонында атомдық және сутектік қарудың алғашқы үлгілеріне сынақ жүргізілді, әлемде ядролық заряды бар бірінші баллистикалық зымыран ұшырылды, мұнда ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларының әсеріне беріктікке сынақ жасалды, зымыран техникасының үлгілері мен шахталық ұшыру қондырғылары сыналды.

Ауруларға дұрыс диагноз қоюға тыйым салынды

Семей полигоны халқы тығыз аймақта орналасқан. Оған іргелес жатқан ауылдардың аумағы жүздеген рет ядролық ыдырау өнімдерімен ластанған. Су қоймалары, совхоз жерлері және жеке мал жаюға арналған жайылымдар радиациямен уланды. Сүтте, жануарлардың етінде, көкөністер мен жемістерде радионуклидтердің көп мөлшері жиналды. Су мен тамақ арқылы адамдар радиацияның қосымша мөлшерін қабылдады. Полигонға жақын жерде тұратын тұрғындар арасында онкологиялық, жүрек-қан тамырлары аурулары, орталық жүйке жүйесінің қызметі бұзылуы жиілеп, өлім-жітім артты.

Оған қоса, дәрігерлерге радиацияның әсеріне байланысты ауруларға дұрыс диагноз қоюға тыйым салынды. Сондықтан адамдар ядролық сынақ-

радиоактивтілігі сағатына 350–400 микрорентген газ ағыны өтті. 711 елдімекенде халықтың сәулену дозасы бәр (рентгеннің биологиялық баламасы – адамның сәулену дозасының бірлігі) жылдық нормасынан асып түсті. Барлық сынақтар барысында максималды дозалар 448 бэрге жетті. Ал сәуленудің рұқсат етілген дозасының қабылданған халықаралық нормасы – адамның бүкіл өмірі үшін бар болғаны жеті рентген...

«Невада–Семей» қозғалысына – 33 жыл!

Халық наразылығының соңғы тамшысы 1989 жылы 12 және 17 ақпанда жүргізілген сынақтар болды. Ол кезде радиациялық фон максимумға жетті. Полигонның сыртында (Шаған кенті) радиоактивтілік деңгейі сағатына 3000 микрорентгенге дейін тіркелді. Бұл туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үміткер, белгілі акын Олжас Сүлейменов те білді. 25 ақпанда ол теледидарда сөз сөйлеп, өзінің сайлауалды бағдарламасының орнына СЯСП төңірегіндегі көптеген жылдар бойғы ядролық сынақтардың салдарынан орын алған сұмдық жағдай туралы айтып берді. Ол жерлестерін 28 ақпанда Алматыда митингке келуге шақырды. Нәтижесінде біз білетіндей, аталмыш шақырудан кейін БҰҰ-ға дейінгі барлық мүдделі инстанцияларға өтініш қабылдаған мыңдаған халық, мұндай әділетсіздікке бей-жай қарай алмайтын адамдар қарасы жиналды. Бұл құжатқа бірнеше күн бойы миллиондаған қазақстандықтар қол қойды, оларды алыс-жақын шет елден де жақтаушылар қолдау көрсетті. Осылайша әлем бойынша Атом қаруларын сынауды тоқтатуда, КСРО-ның басты ядролық полигонын – өзінің қуаты жөнінен әлемдегі төртінші орынды жабуда үлкен рөл атқарған халықаралық антиядролық «Невада–Семей» қозғалысы дүниеге келді.

Семей полигонындағы соңғы жарылыс 1989 жылдың 19 қазанында жасалды. Ол кезде полигон орталығы қуатты зертханалық-эксперименттік базасы бар Курчатов қаласында орналасқан ғылыми-сынақ кешеніне айналған-ды.

1992 жылы Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде СНВ-1 шартына Лиссабон хаттамасына қол қойды, онда ядролық қаруды таратпау жөніндегі өз міндеттемелерін тіркеді. Қазақстан КСРО-дан қалған қуатты арсеналға қарамастан, ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан елдердің біріне айналды (Украина және Беларусьпен бірге). Біздің республика осы батыл және игілікті істе бірінші болды. 1993 жылғы желтоқсанда Ресей Қорғаныс министрінің Директивасына сәйкес, Семей полигоны (ресми – 2-ші Мемлекеттік орталық сынақ полигоны) таратылды.

«Қайнар синдромы»

1992 жылы Семей облысының Абай, Бесқарағай және Жаңасемей аудандарында Денсаулық сақтау министрлігі биофизика институтының кешенді экспедициясы жұмыс істеді. Ғалымдар ядролық полигонның айналасында өмір сүретін адамдарда бұрын анықталмаған жаңа белгілердің бар екенін растады. Олар барлық өмірлік маңызды органдардың өзгеруімен сипатталды – терінің зақымдалуымен, шаштың бұзылуымен, жүрек-тамыр жүйесіндегі патологиялық өзгерістермен және иммунитеттің күрт әлсіреуімен. Сонымен қатар, радиацияның әсері дененің ерте қартаю процесін, онкологиялық аурулардың және суицид жағдайларының өсуін тудырады. Бұл симптомдар кейіннен жаңа аурулар алғаш рет табылған ауылдың атауына сәйкес «Қайнар синдромы» деп аталды.

Қайнар ауылы тау жотасының етегінде, полигонның жанында орналасқан. Мұнда сынақ жылдарында



● КЕРЕК ДЕРЕК:

- Жер бетінде барлығы 2000-нан астам ядролық сынақ жүзеге асырылды.
- Оның ішінде АҚШ-та 1030 жарылыс, Кеңес Одағында – 716, Францияда – 210, Қытайда – 45, Ұлыбританияда – 44, Үндістанда – 6, Пәкістанда – 5 жарылыс жасалды және ядролық технологияларға ие елдердің саны жыл сайын артып келеді.

онкологиялық аурулардан 396 адам қайтыс болды. Сонымен қатар, пациенттерде, әдеттегіден басқа, тілдің, көздің, қалқанша безінің, жүрекшенің, терінің қатерлі ісігі сияқты сирек кездесетін формалар болды. Ауылда онкологиядан ешкім қайтпаған отбасыны таппайсыз. Атом жарылыстары басталған 1950 жылдан бастап, небәрі бір жыл ішінде мұнда балалар өлімі 5–10 есе өсті, өмір сүру ұзақтығы 3–4 жылға қысқарды. Полигон жанындағы ауылдарда мутант-балалар дүниеге келе бастады.

1993–1995 жылдары Полигонның инфрақұрылымын жою бойынша бірлескен қазақстандық-американдық жоба әзірленді, ол өз мәресіне 2000 жылғы 29 шілдеде жетті. 181 штольня мен 13 ұңғыма жабылды. Бұл жұмыс «Невада–Семей» қозғалысы белсенділерінің ықпалымен және жеке бақылауымен жүргізілді.

2000 жылы Семей полигонындағы ядролық сынақтардың соңғы штольнясы жойылды.

Екі миллионға жуық адам ядролық сынақтардың құрбандары деп танылды, алайда олардың саны әлдеқайда көп еді. Өйткені, зардап шеккендердің құқықтарын растайтын куәліктерді тек 1 057 000 адам алды. Бұрынғы полигонның қауіпті аймақтарында, ядролық сынақтардың салдары үлкен аумаққа әсер еткендіктен, радиоактивті фон әлі де сағатына 10–20 миллирентгенге дейін жетті. Полигонның аумағы нашар күзетіліп, 2006 жылға дейін жергілікті жерде белгіленбеген еді.

Ғылыми-техникалық әлеует бейбіт атомға және адамзаттың болашағына жұмыс істеуі керек

Тек 2005 жылы жұртшылықтың талап етуімен және ҚР Парламентінің ұсынысымен полигонның шекараларын бетон бағаналармен танбалау жұмыстары басталды. Жұртшылық пен Ұлттық ядролық орталық ғалымдарының күш-жігерінің арқасында 2008 жылы адамдар мен малдың кіруіне жол бермеу үшін полигонның неғұрлым ластанған учаскелерін инженерлік қорғау құрылыстарын құру басталды. 2009 жылы Дегелең сынақ алаңының әскери күзеті ұйымдастырылды.

Семей полигоны – аумағында адамдар тұрып жатқан және оның жерлерін ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланатын әлемдегі көптеген ядролық полигондардың бірегейі болды. Бұдан басқа, 1990 жылдардың басынан бастап «Балапан» алаңынан 10–20 шақырым қашықтықта «Қаражыра» көмір разрезі әзірленуде, оның өнімдері

Ресей, Қазақстан және Қырғызстанның электр станциялары мен кәсіпорындарына жеткізіледі.

Бүгінде полигонға іргелес жатқан жерде мыңдаған зардап шеккендер мемлекеттің қолдауынсыз қалып отыр. 1992 жылдың желтоқсанында республикадағы тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты «СЯСП ядролық сынақтарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңы қабылданғанына қарамастан, ол толық күшінде жұмыс істемейді. Қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығы мен табиғатқа келтірілген зор кесепатты залалдың орнын бір Қазақстан мемлекеті ғана толтыра алмайтыны белгілі. Сондықтан «Невада–Семей» ХАҚ ардагерлері мен белсенділері әлемдік қоғамдастықты бірнеше рет ядролық сынақ құрбандарына, бірінші кезекте балаларға көмек көрсетуге шақырды.

Полигон жабылғаннан кейін оның базасында ҚР Ұлттық ядролық орталығы құрылды. Оның қызметі сынақтардың салдарын зерттеу мен жою проблемаларына, атом энергетикасының қауіпсіздігі міндеттерін шешуге бағытталған. Полигонды демилитаризациялау мақсатында АҚШ Қазақстанға оның инфрақұрылымын жоюға қаражат бөлді. 1996 жылдың қыркүйегінде Курчатовта электрондық өнеркәсіпке арналған баспа платаларын өндіру бойынша бірлескен қазақстандық-американдық кәсіпорын іске қосылды. Мұнда халықаралық радиоэкологиялық орталық құрылды. Қазақстандықтар бұрынғы ядролық полигонның ғылыми-техникалық әлеуеті бейбіт атомға және адамзаттың болашағына жұмыс істеуі керек деген сенімде.

«Невада–Семей» қозғалысы халықаралық антиядролық қоғамдастықтың белсенді мүшесі болып табылады. Осынау бірлескен күш-жігерге қарамастан, әлем жаңа тәуекелдермен және қауіп-қатерлермен бетпе-бет келуде. Әлемде қарулану жарысы артып, халықаралық терроризм күшейе түсті. Бұл жағдай қозғалыс белсенділерін қатты алаңдатады және олар жаппай қырып-жою қаруын жою және жердегі өмірді сақтау үшін әрі қарай күресуге дайын. Осы мақсатта біз барлық жинақталған тәжірибе мен қолда бар әлеуетті пайдаланатын боламыз. «Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының көшбасшысы Олжас Омарұлы Сүлейменовтің пікірінше, ядролық сынақтардың салдарын жою мәселелері – бұл біздің жадымыз бен қайғымыздың Мәңгілік қоңырауы, соны ұмытпаған абзал.

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
«Невада–Семей» ХАҚ вице-президенті,
Қазақстан Республикасы Журналистика Академиясының академигі.

● КЕРЕК ДЕРЕК:

- 1993 жылы Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды.
- 1994 жылғы желтоқсанда әлемнің ядролық державалары Қазақстанға қауіпсіздік кепілдіктері туралы Меморандумға қол қойды. Осы жылы ел аумағынан барлық ядролық қаруды шығару аяқталды.
- 1995 жылы СИЯП-тағы соңғы ядролық заряд жойылды.
- 1996 жылы Қазақстан ядролық сынақтарға жасан-жақты тыйым салу туралы шартқа қатысушы болды.
- 1997 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Ядролық сынақтардан зардап шеккен ҚР өңірлеріне көмек көрсету туралы қарар қабылдады.

Тәжірибелік алаңдар

Полигонның тәжірибелік алаңы бірнеше алаңға бөлінді: П-1 алаңында – алғашқы атом бомбасы сыналды, одан кейін сутегі, одан бөлек, ол басқа да жерүсті сынақтарында қолданылды; П-2 – жердегі ядролық сынақтарға арналды; П-3 – шағын және орта қуатты ядролық бомбаларды әуеде сынау үшін пайдаланылды; П-5 – жоғары қуатты ядролық бомбалардың әуе сынақтарына арналды; П-7 – қуаты аз жақын ядролық жарылыстың сейсмикалық әсерін сынауға арналды.

Ядролық жарылыстардың қуаты 50 мегатоннан асты. Полигоннан тыс жерге 55 әуе және жерүсті жарылыстарының радиоактивті бұлттары мен 169 жерасты сынақтарының газ фракциясы таралды. Дәл осы 224 жарылыс Қазақстан аумағының барлық шығыс бөлігінің радиациялық ластануына себеп болды. Радиоактивті жауын-шашын 304 мың шаршы шақырым аумаққа жайылды. Жерасты жарылыстары жер қыртысының деформациялануына әкелді. Әрбір үшінші жағдайда радиоактивті заттардың жер бетіне таралуы орын алды.

Республика тұрғындары ядролық сынақтардың салдарынан радиациялық сәуленуге ұшыраған өңірлерде аурушандық пен өлім-жітімнің өсуіне бірталай алаңдаушылық білдіргенімен бұл шағымдар жауапсыз қала берді. Нендей бір сыбыс КСРО басшылығына жеткен жағдайда да бұл мәселе бойынша нақты шаралар қабылданбады, оның орнына олар «бүкіл елдің қауіпсіздігі қауіп-қатерге душар болу алдында тұр» дегенді алға тартумен болды.

Ал ядролық жарылыстардың салдары туралы кез келген ақпарат үнемі «Құпия» белгісі бар папкаларда жабулы күйінде сақталған.

тардан басқа барлық аурулардан «емделді».

Шағын қалашыққа айналған полигон ешқандай географиялық картада көрсетілмеген. Операцияның ерекше құпиялылығына байланысты полигон түрліше аталып келді: Мәскеу-400, Семей-21, соңында Курчатов болды. Ал ондағы тұрғындар әскери болсын, азаматтық болсын ядролық сынақтарды жүргізу бойынша жұмыстарды қамтамасыз етті. Мұнда ғылыми және зерттеу зертханалары, дәрігерлер мен биологтар, математиктер мен физиктер орталықтары, шахта құрылысшыларының, бұрғылаушылардың, геолог-барлаушылардың, құрылысшылардың өндірістік базалары шоғырланған. Мәскеуден ұшақтарды қабылдайтын өз аэродромы, теміржол мен автобус станциялары, мәдениет сарайы, мұражайлар, жергілікті телеарна мен газеті болды. Ядролық жарылыстар күркіреген алаңдарға бетон жолдар, ал терең жер астына – құпияланған коммуникациялар созылып жатты. Тәулік бойы орталық пен сынақ алаңдарын байланыстыру, қорғау және қолдау бойынша вахтаны күндіз-түні алып жүрген радарлық қондырғылар мен радиоантендердің айналары аспанға қарап тұрды.

Деректер құпия болып қала берді

1957 жылы Алматыдан келген дәрігер-ғалымдар полигонның жанында тұратын халыққа алғашқы іріктемелі зерттеу жүргізді. Нәтижесінде организмдегі биохимиялық процестер мен метаболизмнің қалыптасуының бұзылуына әкелетін иондаушы сәуленудің әсеріне байланысты патологиялық белгілердің нақты кешені анықталды. Бірақ бұл деректер де құпия болып қала берді.

1987 жылы Семей арқылы



СТРАНДЖА КУБОГЫ – 2022



Назым – әлем чемпионы

Екі дүркін әлем чемпионы Назым Қызайбай бокстан кіші әлем чемпионаты саналатын «Странджа кубогы – 2022» халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Бокстан 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі финалда бұл жолы Н.Қызайбайдың қарсыласы Алжирден келген Роумайса Боуал болды. Назым үш раунд қорытындысы бойынша төрешілердің шешімімен жеңіске жетті. Үшінші раундта қарсыласын нокаунтқа жіберген Назым Қызайбай Қазақстан құрамасы үшін алғашқы алтын медаль жеңіп алды. Биыл турнирге 36 елдің боксшылары қатысты.

Кезекті турнирді Санжар Ташкенбай, Тимур Қабдешев, Абзал Құттыбеков, Абзал Серік және Нұрлан Сапарбай сынды спортшыларымыз қола медальмен аяқтады.

ЕСЕП-ҚИСАП

Олимпиада шығыны



**Досбол
АТАЖАН**



ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев олимпиада нәтижесіне баға беріп, өзгеріс туралы айтты.

– Қуанарлық себеп көп емес. Олимпиада нәтижесі сәтсіз болды. Қоғамда дәл осы пікір басым. 5-6 жаттықтырушыны жұмыстан шығаруға тура келеді. Нәтижеге банкер жауапты, солай емес пе? 2-3 жыл жұмыс істеп, жетістіктердің болмауы дұрыс емес. 10 жылдық тәжірибемен ешқандай жетістікке жеткізе алмаған жаттықтырушылар бар. Менің ойымша, мұндай адамдардан ештеңе күтуге болмайды. Жаңа мамандар келуі керек, – дейді министр.

Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюковтың хабарлауынша, қысқы спорт түрлеріне келесідей ақша бөлінген: биатлон – 384 млн. теңге, шаңғы – 100 млн. теңге, конькимен жүгіру – 400 млн. теңге, шаңғы жарысы – 363 млн. теңге, керлинг – 200 млн. теңге, трамплиннен секіру – 198 млн. теңге, сноуборд – 14 млн. теңге, мәнерлеп сырғанау – 143 млн. теңге, фристайл-могул – 562 млн. теңге, фристайл-акробатика – 319 млн. теңге, шайбалы хоккей (ерлер мен әйелдер) – 259 млн. теңге, шорт-трек – 392 млн. теңге.

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» ЖАСТАРҒА СЕНЕДІ

Өткен сенбіде Бесағаш кентінде «Қайрат» командасының маусым алдындағы таныстырылымы өткізілді. Құралбек Ордабаев, Вахид Масудов бастаған ардагерлер командаға ақ жол тіледі. Таныстырылым жанкүйерлер үшін онлайн жағдайында өтті.

«Қайрат» биыл үлкен өзгерістерге жол ашып отыр. Ұжымның бақылау кеңесінің төрағасы Қайрат Боранбаев даңқты команда негізінен екі бағытпен дамитынын атап өтті:

1. Әлемдегі және еліміздегі экологиялық жағдайға баса назар аудару;

2. «Қайрат» футбол клубының жүйесінен өткен түлектерге көбірек сенім арту.

Алматылық клубтың экология мәселелерді көтеруге белсене кірісетіні өткен жылы белгілі болды. Конференция лигасы аясындағы «Қайрат» – «Базель» кездесуі экологиялық матч ретінде ерекшеленіп, жанкүйерлердің коқыстарды арнайы бактарға салуы, ойыннан кейін стадионды тазалауға белсене араласуы көзделген еді. 2022 жылы да осы бастама жалғаса береді.

Ал клубтың өз түлектеріне сүйенетіні жылдар өте нақты көрініс алып келеді. Былтырғы маусымнан кейін командадан Раде Дугалич, Небойша Косович, Денис Поляков, Камо Оганесян, Дино Миканович сияқты легионерлер, Ғафуржан Сүйімбаев, Стас Покатилов сияқты құрама ойыншылары кетті. Ян Вороговский – Бельгияның «Моленбек», Нұралы Әліп – Ресейдің «Зенит», Айбол Әбікен Павлодар облысының «Ақсу» командасына жалға берілді.

Биыл команда құрамын толықтырғандар қатарында ресейліктер Виктор Васин (ЦСКА) мен Вадим Ульянов («Қайрат–Мәскеу»), өзбек Жасурбек Жалолитдинов («Әндіжан») бар. Ал Ресейдің II лигасында ойнайтын «Қайрат–Мәскеу» командасынан клубтың өз түлектері Егор Ткаченко, Дамир Қасаболат, Вячеслав Швырев негізгі командаға шақырылды. Жастар командасынан Әрсен Азатов, Әлішер Рақымжанов, Ян Труфанов үлкен футболда бақ сынайды. Қорыта айтқанда, «Қайраттың» шеберлер командасында өз мектебінен шыққан 14 футболшы ойнамақ. Олардың қатарында «Жетісу» мен «Ордабасыдағы» жалға берілу мерзімін аяқтаған Адам Адахаджиев, Сұлтанбек Астанов та бар.

Шабуылшы Артур Шушеначев маусым хаттамасына тіркелді. Ол Польшаның «Шленск» командасына ауыспақ еді, бірақ соңғы сәтте трансфер іске асырылған жоқ. Артур оралған соң да команда басшылығы



ирандық шабуылшы Ария Барзегарды құрамға қосудан бас тартқан сияқты. Қазір Шушеначевке басқа командалар тарапынан қызығушылық жоқ емес, бірақ ұсыныс басшылық көңілінен шықпайды.

Бас бапкер Құрбан Бердыев Түркияда өткізілген оқу-жаттығу жиындарының қорытындысына көңілі толатынын айтты. «Біз екі ойын тактикасын дайындадық. Қайсысының негізгі болатыны қарсыластарға қарай анықталады. Командада жас ойыншылар көп. Олардың жиындағы жұмыстары көңілімізнен шықты», – деді бас бапкер.

«Қайратты» жаңа маусымда алаңдарға жаңа капитан бастап шығады. Ол – польшалық Яцек Гуральски. Яцек «Қайрат» командасына 2020 жылы қосылып, чемпиондық атаққа және ел кубогын жеңіп алуға зор үлес қосты.

Жыын соңында Қ.Боранбаев журналистердің сұрақтарына жауап берді. Көңілге түйгеніміз мынау:

1. «Қайрат» командасының басшылығы таза футболға арналған стадион салу мүмкіндігін қарастырып жатыр. «Біз Орталық стадионның орнына салынатын жаңа стадионның жобасын қаржы төлеп жасаттық. Өткен жылдың соңында стадионның айналасындағы жер учаскелеріне қатысты мәселелердің барлығы ретке келтірілді. Бір нысанға қатысты ғана мәселе бар, бірақ оған қатысты да келісім жасап қойдық. Өз тарапымыздан атқарылатын шаруаның бәрін істедік. Бірақ қазір қаланың одан да маңызды экономикалық мәселелері бар

сияқты. Дегенмен, Орталық стадионның батыс жағында қосалқы алаң бар. Соны «Қайрат» балансына беру туралы ұсыныс жасадым. Қазір ол әншейін жер болып жатыр. Сол жерге 7–10 мың адамға арналған стадион салуға дайынбыз. Жақында Ресейдің «Краснодар» жастар командасына арналған стадионды көріп қайттым. Алдағы уақытта дәл сондай таза футболға арналған стадионнан бастаған дұрыс болар», – деді Қайрат Советайұлы.

2. Жаңа маусымда еңбекақының ең жоғары мөлшері 1,5 миллион теңгеден аспайды. «Біз қазақстандық футболшылардың еңбекақысын қысқарттық. Қазақстандық футболшылар осыған дейін алып жүрген еңбекақыларына сай емес деп санаймыз. Мұндай ақшаға олар жоқ дегенде Ресей премьер-лигасында ойнауға тиіс еді. Біз барлық футболшымен жақсы жағдайда қоштастық. Қазіргіден гөрі жоғары жалақыға өзін лайық санайтын футболшы болса, жолы ашық. Иә, бонустар жүйесі бар. Біз өткен жылы еурокубоктардан 4 миллион еуроға жуық қарсы таптық. Бұл – клуб бюджетінің шамамен 45 пайызы. Алдағы уақытта да еурокубоктарда сәтті өнер көрсетсек, УЕФА-дан түскен сыйақының бір бөлігі ойыншыларға бөлініп беріледі», – деді төраға.

«Қайрат» жаңа маусымды бүгін бастайды. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Арена» стадионында ел чемпионы «Тобылмен» Қазақстан суперкубогын сарапқа салады. Ал ел біріншілігіндегі алғашқы кездесуін 6 наурызда Орталық стадионда «Ақтөбеге» қарсы өткізеді.

ФЕДЕРАЦИЯ

Әділет Бәрменқұлов – ҚФФ президенті

Кеше Нұр-Сұлтанда Қазақстан футбол федерациясының президенті сайлауы өтіп, Әділет Бәрменқұлов жеңіске жетті. Бұл лауазымнан үміткерлер қатарында Берік Каниев, Давид Лория, Қайрат Оразбеков, Ерлан Жарылқасынов сияқты функционерлер де болған еді. Дауыс беру құқығы бар 26 адамның 14-і Бәрменқұловты жақтаса, Каниев – 11, Лория 1 дауыс алды.

Сайлауды ФИФА және УЕФА байқаушылары бақылады. Бұған дейін ҚФФ тізгінін Әділбек Жақсыбеков ұстап келген-ді. Бірақ ол жаңа сайлауға кандидатурасын ұсынып тұрып бас тартты.

Жаңа басшы Қазақстан футболын дамытуға өзінің стратегиялық жоспарын ұсынып, аймақтарды түгел аралап шыққан еді. Енді ол жаңа команда жасақтауға кіріседі. Ал Қазақстан құрамасы 23 және 26 наурызда Ұлттар лигасының С дивизионында қалу үшін Молдовамен екі кездесу өткізеді.

БОКС

Болгария астанасы София қаласында «Странжа кубогы» дәстүрлі халықаралық турнирі мәреге жетті. Кіші әлем чемпионаты деген бейресми атауы бар жарысқа Қазақстан ерлер және әйелдер құрамасы қатысып, жақсы өнер көрсетті.

Отандастарымыз 17 жұлде жеңіп алды. Оның төртеуі – алтын, төртеуі – күміс, тоғызы – қола. Командалық есепте **Өзбекстан құрамасы (6-0-1) алда болды, екінші орындағы Ресей 17 жұлдемен (5-5-11) қайтты.**

Ерлер арасында Махмұд Сабырхан (54 келі) мен Сағындық Тоғамбай (86 келі) турнир жеңімпазы атанды. Күміс жұлдеге – Дамир Әбдіқадыр (51 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), қола жұлдеге Санжар Тәшкенбай (48 келі), Тимур Қабдешов (51 келі), Абзал Серік (63,5 келі), Абзал Құттыбеков (92 келі) және Нұрлан Сапарбай (92 келі) қол жеткізді.

Әйелдер арасында әлем чемпиондары Назым Қызайбай (50 келі) мен Валентина Хальзова (70 келі) дара шықты. Дина Жоламан

КӘСІПҚОЙ БОКС

Қанат алғаш рет жеңілді

Қазақ боксшысы Қанат Ислам кәсіпқойлар арасындағы алғашқы сәтсіздігіне тап болды. Ол АҚШ-тың Платт-Сити (Флорида штаты) қаласындағы бокс кешінде британдық Джимми Келлиге (25-2, 10 KO) есе жіберді.

Бұл жекпе-жекте бұрын Жәнібек Әлімханұлына тиесілі болған орта салмақтағы WBO Global белбеуі сарапқа салынды. Екі боксшы жоспарланған 10 раундты толық өткізді. Жекпе-жек қорытындысы бойынша бір төреші 95:95 есебімен тең нәтиже белгілессе, басқа екі төреші 96:94 және 97:93 есебімен Келлидің жеңісін тіркеді.

«Мен әрбір раундта жеңіп отырдым деп ойлаймын. Қолымды жарақаттап алған соң, соңғы төрт раундта джебпен ғана жұмыс істеуге тура келді. Мен Қанаттың қысымын сездім, бірақ соншалық күшін аңғара қойғаным жоқ. Қарсыласым үнемі қарсы шабуылға шығуға тырысты, бірақ мен оны еркіне жібермедім», – деді кездесуден соң Келли.

Қ.Ислам бұған дейінгі кездесуін 2020 жылдың желтоқсанында эквадорлық Джейсон Александрге қарсы өткізіп, техникалық нокаутпен жеңген еді.

Өзбекстан мен Ресей алда



(54 келі), Ләззат Күнгейбаева (81 келіден жоғары) вице-чемпион атанса, Дариға Шәкімова (66 келі), Надежда Рябце (75 келі)

дәне Анастасия Баязитова (81 келі) үздік үштікті түйіндеді.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.



● ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҰҰ ҚҰРАМЫНА КІРГЕНІНЕ – 30 ЖЫЛ!

ӘМБЕБАП ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМ

Біріккен Ұлттар Ұйымы – дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіретін, ең ықпалды, әмбебап халықаралық ұйым. Басты мақсаты – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту.



2011 жылы алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның және Біріккен Ұлттар Ұйымының тарихында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымына Қасым-Жомарт Тоқаевтың тағайындалуы, сондай-ақ, БҰҰ-ның Женевадағы Бас директоры және Карусыздану конференциясының Бас хатшысы қызметін атқаруы Қазақстанның әлемдік қоғамдастық арасында зор беделге ие екендігін көрсетеді.

Басты басымдық

Халықаралық ұйымдармен, әсіресе, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымымен (БҰҰ) тығыз ынтымақтастық – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты басымдықтардың бірі. Бүгінде әлемдегі ең беделді бұл ұйымға 193 мемлекет кіреді.

Биыл Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл! Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясының пленарлық отырысында бірауыздан Біріккен Ұлттар Ұйымының 168-і мүшесі болып қабылданды.

Пленарлық отырыстан кейін Қазақстанның Көк Туын БҰҰ штаб-пәтерінің алдында салтанатты көтеру рәсімі өткізілді. Осылайша еліміздің егемендігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі халықаралық тұрғыдан танылды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке кірген алғашқы күннен бастап, Қазақстан оның жұмысына белсенді түрде қатысып келеді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылы қазан айында өткен 47-сессиясында ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы айта келіп, екі маңызды ұсыныс жасады. Оның біріншісі – барлық елдер үкіметтерінің ізгі ниет білдіру тәртібімен «бір+бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерінің қорын құруды бастау. Бұл формула әрбір мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінің бір пайызын бөліп, жыл сайын оны бір пайызға ұлғайтып отыруды көздейді. Осылай еткенде он жылдан соң бітімгершілік сомасы он есеге өседі. Екінші ұсынысы – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шақыру. Мемлекет басшысының бұл бастамасы көпшілік елдер тарапынан, сондай-ақ, БҰҰ-дан қолдау тапты және Қазақстанның сыртқы саясатын айқындауда айтарлықтай рөл атқарды.

Стратегиялық мүдделер

Ұйымға мүше болған 1992 жылдан бері біздің еліміз тек халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылданып қана қоймай, сонымен бірге, онда өзінің лайықты орнын таба білді. Қазақстанның БҰҰ жүйесі жұмысына қатысуы еліміздің көпжақты дипломатиясының басты бағыттарының бірі болып табылады. Ол елдің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға ықпал етіп, әлеуметтік-экономикалық, саяси және қоғамның басқа да салаларында қолайлы халықаралық жағдайларды туғызады. Осы бағыттың негізгі мақсаты – халықаралық аренада Қазақстан Республикасының ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы стратегиялық мүдделерін, саясат пен экономикада әділетті әлемдік тәртіп пен орнықты даму ортасын құруды, әлемдік қауымдастық мүшелері арасындағы қа-

рым-қатынастарды үйлестіруді көздейді. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бері әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісіне үлкен үлес қосуда. Мысалы, Ядролық қарудан бас тарту, Азияда өзара сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігінде интеграциялық үрдістерді нығайту, өркениеттер мен діндер үнқатысуын шақыру – осының барлығы біздің еліміздің БҰҰ Жарғысының ұстанымдары мен мақсаттарына сәйкес атқарған істерінің нақты көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Ұйымының бітімгершілік қызметін және оның бітімгершілік әлеуетін нығайту жөніндегі күш-жігеріне қолдау көрсетіп отыр. Қазақстандық бітімгершілік батальоны (Қазбат) құрылып, осы батальон сарбаздары Иракта тұрақтандыру күштері қатарында қызмет көрсетті.



Қазақстанда БҰҰ-ның жиырмаға жуық ұйымы жұмыс істейді

Біздің елімізде 1992 жылдан бастап БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің, қорларының және бағдарламаларының өкілдіктері жұмыс істеуде. Олардың қызметі техникалық, консультативтік және қаржылық көмек көрсетуге бағытталған. Бүгінде Қазақстанда БҰҰ-ның жиырмаға жуық ұйымы жұмыс істейді.

1993 жылы 16 ақпанда елімізде БҰҰ-ның өкілдігі ашылды. Қазақстан БҰҰ-ның іс жүзінде барлық мамандандырылған мекемелерінің, өңірлік комиссияларының мүшесі болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстан бүгінде БҰҰ-ның Адам құқығын қорғау кеңесінің мүшесі. Ал 2010 жылы Қазақстан 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуға кандидатурасын ұсынды. 2017 жылы 10 қаңтарда Қазақстан алғаш рет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде оның «Шиеленістердің алдын алу және бейбітшілікті сақтау» тақырыбындағы ашық пікірталастарына қатысты, осы пікірталастар аясында Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахманов тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қауіпсіз, әділ және гүлденген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайтуға қазақстандық тұжырымдамалық көзқарас» атты саяси жолдауын таныстырып өтті. Елімізде Ұйымның ірі халықаралық жиындары да жиі өткізіліп тұрады. 30 жыл ішінде БҰҰ мен Қазақстан ынтымақтастығының арқасында талай істер атқарылды.

Бастамалар мен мүмкіндіктер

Қазақстан БҰҰ-ның және оның мамандандырылған мекемелерінің мүмкіндіктерін Арал теңізінің тартылуы, Семей сынақ полигонындағы ядролық жарылыстар салдарынан табиғаттың ластануы, ауызсу көздерінің тартылуы секілді техногендік және экологиялық апаттардың экономикалық және гуманитарлық салдарларын азайтуға мақсатты түрде пайдалана білді.

Қазақстанның ғаламдық ядролық қарусыздандыруға қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн. Себебі, еліміз қуаттылығы жағынан әлемде төртінші орындағы ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, бейбітшіліксүйгіш ел екендігін та-

нытты. Сонымен бірге, Қазақстан Ядролық қаруларды сынауға тыйым салу туралы шарттың белсенді қатысушысы болып табылады және оның тездетіп күшіне енуіне үнемі қолдау білдіріп келеді. Еліміз бұдан басқа да ауқымды іс-шаралардың ұйытқысы болуда. Мысалы, 2009 жылы Қазақстан бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы бірауыздан қарар қабылдап, 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады. Бұл қарусыздану және ядролық қаруды таратпау ісіндегі Қазақстанның үлесін әділетті және жоғары бағалау.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан 2002 жылы, ал кейінгі басшысы

Пан Ги Мун 2010-шы жылы Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Бұл егемен Қазақ еліне деген әлемдік ұйымның құрметі екені даусыз. Пан Ги Мун Қазақстан басшылығына ядролық таратпау мен қарусыздану ісіне қосқан үлесі үшін алғысын жеткізе отырып, біздің еліміздің осы саладағы көшбасшылық рөлімізді атап өтті.

БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі – әлемдік қауымдастықта Қазақстанның мүддесін білдіретін мекеме. Ол 1992 жылы 5 маусымда Нью-Йоркте ашылған. Өкілдік ҚР атынан БҰҰ сессияларына қатысады. Өкілдер ҚР Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының үйі бар



Алматыдағы Біріккен Ұлттар Ұйымының үйі

2018 жылы 23 қазанда Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымы үйінің тұсау-кесері өтті. Жоғары халықаралық стандарттар мен қауіпсіздік талаптарына жауап беретін кеңсенің ашылуына дипломатиялық корпус пен БҰҰ-ның 14 аймақтық өкілдігінің өкілдері қатысты. Жалпы, Алматыда 29 консулдық және сауда өкілдіктері бар, 60-тан астам ірі трансұлттық

ұйымдардың кеңселері орналасқан. БҰҰ жүйесінің әртүрлі органдарында еліміздің жиырмадан астам азаматы қызмет етеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасына 2011 жылы қабылданған еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы тұңғыш университет.

«Академиялық ықпал» бағдарламасы – 90 мемлекеттің 500-ден аса жоғары оқу орындарының басын біріктіретін адам құқығы, сауаттылық, тұрақты даму мәселесі, қақтығыстарды шешу және бейбітшілікті сақтау, мәдениетаралық диалог сұрақтары аясында әлемге әйгілі он принципті беделді түрде қолдау мақсатындағы БҰҰ-ның жаһандық бастамасы болып табылады. Дүние жүзінде елу мың университет бар, соның ең үлкен, ең алдыңғы қатарлы 500-нің басын қосатын «Академиялық ықпал» бағдарламасына Орта Азия мен Қазақстаннан бірінші болып осы университет еніп отыр.

Жалпы, еліміз БҰҰ-ның халықаралық қатынастардағы рөлін бағалай отырып, алдағы уақытта да адамзатқа ортақ проблемаларды шешуге өзінің үлесін қоса беретін болады.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!
Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:
I компонент: 839 522
II компонент: 600 958

Жасөспірімдер I компонент: 695 935 II компонент: 501 486	Жүкті әйелдер I компонент: 31 798 II компонент: 23 186	Бала емізетін аналар I компонент: 108 816 II компонент: 76 221
---	---	---

● ЕСКЕРТУ

Алматы қаласы Білім басқармасы 2022 жылғы 24 ақпанда жарияланған мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының бос лауазымдарына конкурс өткізу мерзімінің ауыстырылғаны туралы хабарлайды. Конкурс туралы хабарлайды. Конкурс туралы хабарлайды.

● РЕСМИ БӨЛІМ

Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Алматы қаласының Мәслихаты Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Жұмыс тобы құрамының саны 9 адамнан, оның ішінде 2 адам мемлекеттік органның және 7 адам азаматтық қоғамының өкілдерінен тұрады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері 2022 жылғы 2 наурыз бен 16 наурыз аралығында Алматы қаласы Мәслихатының аппаратына келесі құжаттар тапсырады:

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) жұмыс тобының мүшесіне кандидатура ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы (болған жағдайда);
- 3) кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
- 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Азаматтар мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен құжаттарды қабылдау 2022 жылғы 16 наурыз, сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі. Құжаттарды дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09.00-ден – 18.00-ге дейін (үзіліс сағат 13.00-ден – 14.00-ге дейін), келесі мекенжайға: А15Н9Н0 (050057), Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215-үй, Алматы қаласының Мәслихаты аппаратының 311-бөлмесіне жазбаша түрде тапсыру қажет. Анықтама телефондары: 8 (727) 380-04-03, E-mail: orgotdel@maslihat-almaty.kz

Өтініштің нысаны Алматы қаласы Мәслихатының ресми интернет-ресурсында жарияланған (www.mga.kz).

Кімге
(республикалық деңгейде
мемлекеттік органның атауы
немесе жергілікті
өкілді органның атауы)

тұратын
(елдімекен, көше, үй, пәтер)
кімнен

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік № _____,
берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатуралды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ҚАЛАЛЫҚТАР НАЗАРЫНА

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ӨТЕДІ

«Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы» КММ ертен, 2 наурыз күні сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін Достық даңғылы, 85 мекенжайында орналасқан Әлеуметтік қызметтер үйінің ғимаратында (көпфункционалды зал – 5-қабат) тұрғын үйді басқарудың жаңа формасына – МИБ («мүлік иелері бірлестігі» немесе ЖС (жай серіктестік) өтуге байланысты және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметі саласындағы туындайтын сауалдарға арналған «Ашық есік күнін» өткізеді. Арнайы мамандардың қатысуымен өтетін іс-шараға келем десеңіз, есік ашық.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) _____
2) _____
20 __ жылғы «__» _____ Өтініш берушінің қолы _____

Байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу жүргізу туралы хабарландыру

Алматы қаласының Мәслихаты Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушыларды тізімін жасақтау бойынша іріктеу жүргізілетіндігін хабарлайды.

Байқаушы болуға ниет білдірген азаматтар 2022 жылғы 2 наурыз бен 16 наурыз аралығында Алматы қаласы Мәслихатының аппаратына жазбаша нысандағы өтініш жолдайды.

Құжаттар 2022 жылғы 16 наурыз, сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Құжаттарды қабылдау дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09.00-ден – 18.00-дейін (үзіліс сағат 13.00-ден – 14.00-ге дейін), келесі мекенжайда: А15Н9Н0 (050057), Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215-үй, 311-бөлмесінде жүргізіледі. Анықтама телефондары: 8 (727) 380-04-03, E-mail: orgotdel@maslihat-almaty.kz

Өтініштің нысаны Алматы қаласы Мәслихатының ресми интернет-ресурсында жарияланған (www.mga.kz).

Нысан

Кімге
(республикалық деңгейде
мемлекеттік органның атауы
немесе жергілікті
өкілді органның атауы)

тұратын
(елдімекен, көше, үй, пәтер)
кімнен

(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
(бар болған жағдайда), жеке
куәлік № _____,
берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде енгізу үшін өз кандидатуралды ұсынамын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) _____
2) _____
20 __ жылғы «__» _____ Өтініш берушінің қолы _____



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbknnv@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



САУАЛНАМА

Көктемді күтіп жүрсіз бе?



Рая
ЕСКЕНДІР

Күн жылынып, қар ерігелі жан-дүниеміз де, бүкіл болмысымыз да табиғатпен бірге елжіреп кеткендей. Қыстың қытымыр мінезі мен қардың құрсауынан босап, кең дүние де кеңдігін танытып, Жер-Ана жарықтық та бойындағы бар жылуын төгіп жатқандай.



Биылғы қыс қаталдығын аса таныта қоймаса да, біздің жанымыз жап-жасыл көктемді сағынғаны сөзсіз. Осындайда қазақтың атақты ақыны Күләш Ахметованың:

«Жақындай түсін тау енді,
Төгеді жасыл әуенді.
Бір құдіретке әуелгі,
Тақатпарлар да тәуелді, –

деген өлең жолдарын оқыған сайын көктемге деген сағыныш бойымызды кернеп, алабұртқан сенім бе, сезім бе, әйтеуір бір керемет күй кешкендейміз. Әлде бұл көктемнің әсері ме? Жалпы, сіз көктемді күтіп жүрсіз бе?



Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
КСРО Халық әртісі:

Көктем – береке бастауы

Көктемді айрықша жақсы көретін жандардың бірімін. Кезінде көктем шығысымен өнер сапарларын бастап, жолға шығатынбыз. Бұл кез жол жүруге де, шығармашылық үшін де өте ыңғайлы кезең ғой. Көктем келсе, жер көгеріп, көк қылтияды. Табиғатпен бірге адамдар да пейілдерін кеңге салып, көңілденіп кетеді. Әрі қарай тіршілік атаулы оянып, дүние түрленіп сала береді. Бала күнімізде ауылдың үлкен кісілері «көкке жетсек, аузымыз аққа тиеді» деп отырушы еді.

Берекенің бастауы болған көктем мезгілі біздің халықтың шаруасына өте қолайлы. Осы кезде дихандар жер жыртуып, егін салады. Сайдағы жұрт қырға көшеді. Әйтеуір өмірдің көші қозғалады. Көктемнің көркі, келбеті туралы талай ән де, жыр да жазылды. Әлі де жазыла береді. Мен барша газет оқырмандарына, қала тұрғындарына көктемнің шуағы мен жылуын тілеймін. Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын деймін. Көктемді жастар ғана емес, мен сияқты үлкен кісілер де күтіп жүреді. Келесі көктемді де бірге қарсы алайық!



Күләш АХМЕТОВА,
ақын:

Жаратушының ұлы заңдылығы

Бүкіл дүниенің жаңғыруы – Жаратушының ұлы заңдылығы дер едім. Мен көктемді керемет сағынамын, қыс бойы сағынамын. Өмір бойы көктемді сағынып жүретін жанмын. Көктемді сағынған сайын ауылымда қалған балалық шағымды, Алматыда өткен жастық шағымды сағынамын. Дүниеге шуақ шаша келетін кезді сағынамын. Көктемнің жұпар иісін, себелеп жауатын жаңбырын, құстың әнін, даланың сәнін сағынып жүремін. Біздің үйдің ауласында сирень өседі. Көктемде гүлдеп, ісі бүкіл ауланы алып, жан сарайыңды нұрға бөлейді. Ақындардың көңілі көктеммен бірге көтеріліп, шабыты оянады. Тіршілікке нәр берген жаңа күнді сағынып жүрмін. Наурызды, дәмі тіл үйіер наурызкөжені сағынып жүрмін.



Бейбіт ОРАЛУЛЫ,
композитор:

Жанымыз жылылыққа кенелер шақ

Күн жылынып, көктемнің лебі сезіле бастады. Көктем – күн мен түннің теңелетін, бәйшешектің бүр жаратын, Жер-Ананың бусанатын керімсал шағы ғой. Бұл кез өнер адамдарының, жалпы, шығармашылықпен айналысатын адамдардың шабытының тасып, өндіріп жазатын кезі дер едім. Әрине, жылдың қай мезгілі болсын, өзінше әдемі. Дегенмен, көктемнің өзіне ғана тән бір ерекшелігі бар. Бәлкім, күн жылынып, жанымыз жылылыққа кенелген соң ба екен?.. Көктемді күтіп, сағынатынымыз да сондықтан болса керек.



Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

Көктемнен нәр аламыз

Алғаш рет үлкен сахнаға көктемде шыққан едім. Содан бері көктем айы менің өмірімнің бастауы сияқты. Сонау жап-жас кезімде анам екеуміз алғаш рет Семейден Алматыға келдік. Анамның да Алматыны алғаш рет көруі. Менің көзім бірден биік тауларға түсіп, «мама, анау көрінгендер шын тау ма дегенімде, «жөк, ол сурет», – дегені бар. Сол жолы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған «Ән – жауынгерлік сапта» атты республикалық байқауда жеңімпаз атанып, өнердегі тұсауым кесілген еді. Содан бері қаншама көктем өтті. Менің көктемдерім көрерменнің көз алдында өтіп жатыр. Шығармашылық адамдары көктемнен шабыт, күш-қуат алады. Көктемде еңбекке деген құлшынысымыз оянып, нәр алып жатамыз. «Көктем шақырады, Роза шақырады» атты концертім де дәл осы көктемнің тартуы іспетті. Көктеммен бірге жаңа жыл, жаңа күн, өз Наурыз келеді. Келген жылдан жақсылық, жаңалық күтейік! Ел іргесі бүтін, төңірегіміз түгел болсын!



Марат ОМАРОВ,
әнші, композитор:

Жан-дүниеде оң өзгеріс болады

Елімізде алғаш рет Наурыз мерекесі тойлана бастаған жыл менің де шығармашылығым ерекше әсерін тигізді. Сол жылы ерекше шабытпен «Наурыз-көктем» деп аталатын әнімді жазған едім. Бұл әннің өзі де бір ерекше толғаныстан, сүйіспеншіліктен туды.

«Қуанып жасамыз да, кәріміз де,
Саламыз шаттық әнге бәрімізде,
Наурыз келді, ару Наурыз!», – деп келетін жолдары бар ән сол кезде даланы да, қаланы да кезіп кеткен еді. Тіпті, бұл ән бірнеше тілде орындалды да. Менің әнші, сазгер ретінде танылуыма да зор әсерін тигізді. Көктем келсе, менің жан-дүниеде де оң өзгеріс пайда болады. «Алғашқы махаббат», «Қыз сыны», «Сыңарым», т.б. әндер осы көктем айында жазылған.



Гүлмира АҚҰРПЕКОВА,
әнші:

Адамның мінезіне ұқсатамын

Әрбір мезілдің өзіндік ерекшелігі болады. Жылдың төрт мезгілін мен көбіне адамның жасына, мінезіне ұқсатамын. Осыдан бірнеше жыл бұрын дәл көктем айында қазақтың атақты Фариза-сымен танысқан едім. Ақын апаның сөзіне жазылған Гүлнәр Шәмшиеваның «Қыз монологын» енді орындап жүрген кезім. Сол ән арқылы ақын апа мені сырттай таныса керек, жақынырақ танысудың сәті түсті. Сол кездесуден кейін менің де, әннің де жолы ашылды. Түрлі кездесулер мен кештердің құрметті қонағына айналдым. Бұл, әрине, Фариза апаның өлмес өлеңінің құдіреті дер едім. Көктем десе, сол кездерді сағынамын.



Әлия ӘБІКЕНОВА,
әнші:

Төңірек бусана бастады

Өнер адамы болғандықтан ізгілікке, әдемілікке жаным құмар. Көктемдегі төгіп өтетін жауынды, қылтып көрінетін көк шөпті, жанынды елжірететін күннің көзін жақсы көремін. Күз келіп, қыс түскеннен бастап көктемді күте бастаймын. Көктемнің ерекшелігі де осында болса керек. Барлық сұлулықты көктемге теліп жатамыз. Қазірдің өзінде қаламызға көктемнің хабары келгендей. Байқасаңыз, жердің тоңы жібіп, төңірек бусана бастапты. Әсіресе, осы кезде өнер адамдарының көңіл күйі көтеріліп, шығармашылық шабыты ояна бастайды. Ардақты аналарымыз бен барлық қыз-келіншектерімізді алдағы көктем мерекесімен құттықтаймын!